

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттар

Государственные нормативные документы в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, жилищных отношений и коммунального хозяйства

**ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ ТАБИҒИ ГАЗБЕН
ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕСІН ТЕХНИКАЛЫҚ
ПАЙДАЛАНУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

**ПРАВИЛА ТЕХНИЧЕСКОЙ ЭКСПЛУАТАЦИИ
СИСТЕМ СНАБЖЕНИЯ ПРИРОДНЫМ ГАЗОМ В
ЖИЛЫХ ДОМАХ**

Ресми басылым
Издание официальное

**Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі**

**Агентство Республики Казахстан по делам строительства
жилищно-коммунального хозяйства**

Астана 2012

Алғы сөз

ӘЗІРЛЕГЕН:	«Тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамы
ҰСЫНҒАН:	Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті
ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ІСКЕ ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ:	Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 10.01.2012 ж. № 5 бұйрығымен 01.05.2012 ж. бастап енгізілді.
ОРНЫНА:	Алғашқы рет

Предисловие

РАЗРАБОТАН:	Акционерным обществом «Казахстанский центр модернизации и развития жилищно-коммунального хозяйства»
ПРЕДСТАВЛЕН:	Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:	Приказом Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства от 10.01.2012 г. № 5 с 01.05.2012 г.
ВЗАМЕН:	Впервые

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы Уәкілетті органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа РК в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, жилищных отношений и коммунального хозяйства.

Мазмұны

1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	2
3 Терминдер, қысқартулар және анықтамалар	2
4 Жалпы ережелер	4
5 Газ құбырлары мен газ жабдығына қойылатын талаптар	5
5.1 Техникалық эксплуатациялауды ұйымдастыру	5
5.2 Пайдалану құжаттамасының құрамы	6
5.3 Сыртқы газ құбырлары. Жалпы нұсқаулар	7
5.4 Газ құбырындағы газ қысымын өлшеу	8
5.5 Газ құбырлары трассаларын аралап шығу	8
5.6 Газ құбырлары мен жабдығын техникалық тексеру	10
5.7 Газ құбырларын ағымдағы және күрделі жөндеу	12
5.8 Конденсат жинағыштардан конденсатты жою.....	14
5.9 Жер асты болат газ құбырларын тот басудан электр-химиялық қорғау құралдарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу.....	14
5.10 Полиэтилен газ құбырларын техникалық пайдалану ерекшеліктері.....	16
5.11 Газ реттеуші пункттер (ГРП) және газ реттеуші қондырғылар (ГРҚ). ГРП және ГРҚ пайдалану жөніндегі жалпы нұсқаулар.....	21
5.12 ГРП және ГРҚ тексеріп қарау және техникалық қызмет көрсету.....	21
5.13 ГРП және ГРҚ ағымдағы жөндеу	22
5.14 ГРП және ГРҚ күрделі жөндеу	23
5.15 ГРП орама желісіне (байпас) және қайтадан редуциялаудың негізгі желісіне ауыстыру	23
5.16 ГРП және ГРҚ реттегішін іске қосу және тоқтату	24
5.17 ГРП ғимараттарын пайдалану	25
5.18 Газ құбырларындағы тығын арматурасыға техникалық қызмет көрсету.....	26
5.19 Тығын арматурасын ағымдағы жөндеу	28
5.20 Тығын арматурасын күрделі жөндеу	29
5.21 Газ таратудың технологиялық процестерін автоматтандырылған басқару жүйелерін пайдалану (ТП АБЖ).....	31
5.22 Газ тарату жүйелерін диспетчерлік басқару	34
6 Ғимараттардың газ жабдығын пайдалану	34
7 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау	39
7.1 Жалпы талаптар.....	39
7.2 Тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулық	40
7.3 Газ тарату жүйелеріне апаттық-диспетчерлік қызмет көрсету	41
А-қосымшасы (ақпараттық).....	42
Б-қосымшасы (ақпараттық).....	44

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ ТАБИҒИ ГАЗБЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕСІН ТЕХНИКАЛЫҚ ПАЙДАЛАНУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Енгізу күні – 01.05.2012

1 Қолданылу саласы

1.1 Тұрғын үйлерді табиғи газбен жабдықтау жүйесін техникалық пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Ережелер) ведомстволық тиістілігіне қарамастан барлық кәсіпорындар мен ұйымдар үшін, сондай-ақ жеке тұлғалар, жалгерлік кәсіпорындар және Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үйлердің газ пайдалану объектілерін, газбен жабдықтау жүйелерін пайдаланатын басқа субъектілер үшін міндетті.

1.2 Осы Ережелер тұтынушыларды тауарлық газбен қамтамасыз ету және осы газдарды отын ретінде пайдалануға және тамақ әзірлеуге арналған газ таратушы жүйелер объектілерін техникалық пайдалану бойынша жұмыстардың өндірісін регламенттейді.

1.3 Ережелер тұрғын үйлердегі тауарлық газбен жабдықтау жүйелерін, газ пайдалану жабдығын, газбен жабдықтау жүйелерінде және газды тұтынушыларда, сондай-ақ ғимараттарда, құрылыстарда және коммуникацияларда қолданылатын аппаратураны, автоматика құралдарын және телемеханиканы пайдалану кезінде қойылатын міндетті ережелер мен талаптарды қамтиды. Тауарлық газбен қамтамасыз ету жүйелерін пайдалану кезінде тиісті жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың талаптарын да басшылыққа алу керек.

1.4 Осы Ережелер:

- қалалар мен елді-мекендердің аумағында салынған сыртқы (жер асты, жер үсті, жер бетіндегі) газ құбырларын;
- газ құбырларындағы ғимараттар мен құрылғыларды;
- тот басудан электрлі-химиялық қорғау құралдарын;
- газ реттеуші пункттері мен газ реттеуші қондырғыларын;
- тұрғын ғимараттардың (үйлердің), қоғамдық ғимараттардың, халыққа өндірістік емес сипаттағы тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының ішкі газ құбырлары мен газ пайдалану жабдығын техникалық пайдалану;

сондай-ақ тұрғын ғимараттардың (үйлердің), қоғамдық ғимараттардың, халыққа өндірістік емес сипаттағы тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының ішкі газ құбырлары мен газ пайдалану жабдығына техникалық қызмет көрсету жөніндегі талаптарды қамтиды.

1.5 Ережелер:

- магистралдық газ құбырларына;
- металлургиялық өндірістердің алаңішілік газ құбырлары мен газ жабдығына;
- шикізат ретінде газды пайдаланатын химиялық, мұнайхимиялық, мұнай өндіретін және басқа да өндірістердің алаңішілік газ құбырлары мен газ жабдығына;
- автомобильдік газ толтырғыш компрессорлық станцияларға;
- газ пайдаланатын жылжымалы қондырғыларға, автомобильдік, темір жол көлігінің, ұшу аппараттарының, өзен және теңіз кемелерінің газ жабдығына;
- әскери мақсаттағы арнайы газ пайдаланатын қондырғыларға;
- эксперименталды газ құбырлары мен газ жабдығының тәжірибелік үлгілеріне;
- газ-ауа қоспаларының жарылыс энергиясын пайдаланатын немесе қорғау газдарын алуға арналған қондырғыларға;
- жылу электр станцияларының алаңішілік газ құбырларына, ГРП және ішкі газ құбырларына таратылмайды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ережелерді қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет: Қазақстан Республикасының «Газ және газбен жабдықтау туралы» 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 532-IV Заңы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы № 259 қаулысымен бекітілген «Газбен жабдықтау жүйелерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы № 568 қаулысымен бекітілген «Табиғи газды жеткізу, тасымалдау және сату ережесі».

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитетінің 2010 жылғы 2 шілдедегі № 17 бұйрығымен келісілген «Газбен жабдықтау объектілерінде өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулықтар».

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің 2008 жылғы 18 қыркүйектегі № 172 бұйрығымен бекітілген Табиғи газдарды тарату және тұтыну жүйелерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары.

МСН 4.03-01-2003 «Газ тарату жүйелері».

МСП 4.03-103-2005 «Полиэтилен құбырларын пайдалана отырып газ құбырларын жобалау, салу және жаңғырту».

ГОСТ 5542-87 «Өнеркәсіптік және коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы табиғи жанғыш газдар. Техникалық жағдайлары».

СП РК 4.02-16-2005 «Бір пәтерлі тұрғын үйлердің инженерлік жүйелерін жобалау және салу».

СНМЕ РК 3.02-43-2007 «Тұрғын ғимараттар».

СНМЕ РК 3.02-02-2001 «Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар».

СНМЕ РК 3.02-27-2004 «Бір пәтерлі тұрғын үйлер».

СНМЕ РК 31-01-2003 «Көп пәтерлі тұрғын ғимараттар».

ЕСКЕРТУ: Осы Ережелерді пайдалану кезінде ағымдағы жылдағы жағдай бойынша жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың көрсеткіші» ақпараттық көрсеткіші және ағымдағы жылда жарияланған, ай сайын басылып шығарылатын тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша сілтемелік стандарттар мен классификатордың қолданысын тексеру қажет. Егер сілтемелік құжат енгізілген (өзгертілген) болса, онда осы Ережелерді пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмаған болса, онда оған сілтемені берген ереже бұл сілтемеге қатысты емес бөлігінде қолданылады.

3 Терминдер, қысқартулар және анықтамалар

Осы Ережелерде тиісті анықтамаларымен мынадай терминдер мен қысқартулар қолданылды:

Апат: Ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын техникалық құрылғылардың қирауы, басқарылмайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың шығарылуы.

Апаттық қызмет көрсету: жеке және заңды тұлғалардың өтінімдері негізінде ГТҰ апаттық-диспетчерлік қызметі (пайдаланушы ұйымның апаттық газ қызметі) орындайтын, адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қатерді жою үшін апаттар мен оқиғаларды оқшаулау және (немесе) жою жөніндегі жұмыстар кешені.

Апаттық-қалпына келтіру жұмыстары: Апат жойылғаннан кейін газбен жабдықтау жүйесі объектілерінің жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі жұмыстар кешені.

Тұрмыстық газ пайдалану қондырғылары: Тұтынушылардың тұрмыстық қажеттіліктері үшін газды отын ретінде пайдаланатын жабдық.

Енгізбе газ құбыры: ғимарат қабырғасы арқылы футлярға салынған газ құбырын қоса алғанда, ғимаратқа енгізбеде сырттан орнатылған ажырату құрылғысынан бастап ішкі газ құбырына дейінгі газ құбыры учаскесі.

Ішкі газ құбыры: газ құбыры-енгізбеден бастап ғимарат ішінде орналасқан газ пайдаланатын жабдықты қосу орнына дейінгі газ құбыры.

Газ: ГОСТ 5542-87 бойынша табиғи жанғыш газ.

Ғимараттардың газ жабдығы: енгізбе газ құбыры, ішкі газ құбыры, ғимараттың ішінде не сыртында орнатылған, газды пайдаланатын жабдық.

Газды пайдаланатын жабдық (қондырғы): Газды отын ретінде пайдаланатын жабдық.

Газ қауіпті жұмыстар: Газдалған ортада орындалатын немесе оларды орындау кезінде газ шығуы мүмкін жұмыстар.

Газ құбыры-енгізбе: Тарату газ құбырына қосылған жерден бастап ғимаратқа енгізбедегі ажырату құрылғысына дейінгі немесе ғимаратқа енгізу кезінде жерастымен жүргізілген футляр алдындағы газ құбыры.

Газ тарату ұйымы; ГТҰ: тауарлық газды газ тарату жүйесі арқылы тасымалдауды, газ тарату жүйесін техникалық пайдалануды, сондай-ақ осы Заңда белгіленген шарттарда тауарлық газды көтерме және бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға.

Газ құбыры: бекітпе арматурасы бар, бір-бірімен қосылған құбырлардан тұратын және газ тәріздес немесе екі фазалық күйдегі газды тасымалдауға арналған құрылыс.

Газ тарату жүйесі: газ құбырларынан (желілік бөліктен) және олармен ұштасып жатқан объектілерден тұратын, тауарлық газды магистральдық газ құбырынан газ тұтыну жүйелеріне дейін тасымалдауға арналған технологиялық өзара байланысты құрылыстар кешені.

Газ реттеуші пункт (ГРП), қондырғы (ГРҚ): газ қысымын төмендетуге және оны берілген деңгейде ұстап тұруға арналған технологиялық құрылғы.

Газ реттеуші блокты пункт: газ қысымын төмендетуге және газ құбырында оны берілген деңгейде ұстап тұруға арналған тасымалдауға жарамды блокпен орындалған толық зауыттық дайындықтағы технологиялық құрылғы.

Бұйым (техникалық құрылғы): Құжаттамасы конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесінің мемлекеттік стандарттарының (КҚБЖ), толымдылықты және ілеспелі құжаттаманы ресімдеу ережелерін орнататын, техникалық құжаттаманың бірыңғай жүйесінің (ТҚБЖ) және жобалау құжаттамасының бірыңғай жүйесінің (ЖҚБЖ) талаптарына сәйкес келуге тиіс өнеркәсіптік өнімнің бірлігі. Құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптары бұйымның құрылымы мен ілеспелі құжаттамасына жүрмейді.

Оқиға: қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын техникалық құрылғылардың зақымдалуы немесе істен шығуы, технологиялық процесс режимінен ауытқушылық, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу.

Сыртқы газ құбыры: енгізбе газ құбыры алдындағы ажырату құрылғысына немесе ғимаратқа енгізу кезінде жерастымен жүргізілген футлярға дейінгі ғимараттардан тыс салынған жер асты, жер үсті және жер бетіндегі газ құрылғы.

Отты пайдалану жұмыстары: Ашық отты пайдаланумен байланысты жұмыстар.

Одоризациялау: Газдың шығуын айқындау үшін газға өткір иісі бар затты (одорант) қосу.

Газдың қауіпті шоғырлануы: жалынның таралуының төменгі шоғырлану шегінің 20% асатын, газдың ауадағы шоғырлануы (газдың көлемдік үлесі).

Газ құбырының қорғау аумағы: Газ құбырларының қалыпты жағдайын және оларға зақымдану келтіру мүмкіндігін жою мақсатында газ құбырлары трассаларын жағалай және газ құбырларының басқа объектілерінің айналасында орнатылатын, ерекше шарттары бар аумақ.

Газды тұтынушы: тұрмыстық, коммуналдық-тұрмыстық немесе өнеркәсіптік тұтынушы.

Тарату газ құбыры: Газды тұтынушыларға газбен қамтамасыз ету көзінен бастап енгізбе газ құбырларына дейін газ беруді қамтамасыз ететін, газ тарату торабының газ құбыры.

Реконструкциялау: Газ тарату жүйелерінің бар объектілерін, соның ішінде олардың техникалық деңгейін не пайдалану шарттарын арттыру мақсатында негізгі техникалық сипаттамаларды өзгерте отырып, қайта құру бойынша жұмыстар мен ұйымдық-техникалық шаралар кешені.

Жөндеу: Бұйымдардың (газ құбырлары мен құрылыстардың) жарамдылығын немесе жұмыс қабілетін қалпына келтіру және бұйымдардың ресурстарын немесе олардың құрамдас бөліктерін қалпына келтіру бойынша операциялар кешені.

Сұйытылған мұнай газы: жеңіл көмірсутегілердің (пропан-бутан фракциясының, пропанның, бутанның) тасымалдау және сақтау мақсатында сұйық күйге ауыстырылған құрамдастарының сапалық және сандық құрамы бойынша Қазақстан Республикасының техникалық регламенттері мен мемлекеттік стандарттарының талаптарына сай келетін қоспасы.

Техникалық эксплуатациялау: Техникалық қызмет көрсету, жөндеу, техникалық диагностикалау және басқа жұмыс түрлерін жүргізу арқылы газ тарату жүйелерінің объектілерін пайдалануға беру және пайдалану процесінде оларды қалыпты және жұмысқа қабілетті жай-күйінде ұстау үшін газ тарату жүйесінің объектілерін іске қосу жөніндегі жұмыстар кешені.

Техникалық диагностикалау: Пайдалану процесінде немесе қызмет мерзімі біткеннен кейін газ құбырларының және газ тарату жүйелерінің басқа объектілерінің техникалық жай-күйін анықтауға арналған жұмыстар мен ұйымдық-техникалық шаралар кешені.

Техникалық қызмет көрсету: Бұйымдарды (техникалық құрылғыны) мақсаты бойынша пайдаланған кезде, күткенде, сақтап және тасымалдағанда жұмысқа қабілетті күйде немесе жарамды күйде ұстау жөніндегі операциялар жиынтығы немесе операциясы.

Тауарлық газ - құрамында метаны басым көмірсутегілердің газ тәріздес күйде болатын, шикі газды өңдеу өнімі болып табылатын және құрамдастарының сапалық және сандық құрамы бойынша Қазақстан Республикасының техникалық регламенттері мен мемлекеттік стандарттарының талаптарына сай келетін көпқұрамдас қоспасы.

Шкафты газ реттеуші пунктi; ШРП: газ қысымын төмендетуге және газ құбырында оны берілген деңгейде ұстап тұруға арналған шкаф түріндегі технологиялық құрылғы.

Пайдаланушы ұйым: Газ құбырының объектілерін, ғимараттардың газ жабдығын техникалық пайдалануды іске асыратын мамандандырылған ұйым (ГТҰ, ұйым – меншік иесі, газ тарату жүйесінің объектісін жалға алушы).

SDR: құбырдың нақты сыртқы диаметрінің қабырғаның нақты қалыңдығына қалыпты біркелкі қатынасы.

АДҚ: апаттық-диспетчерлік қызмет.

ГТ ТП АБЖ: газ таратудың технологиялық процестерін автоматтандырылған басқару жүйесі.

ГТС: Газ тарату станциясы.

ПТР: Балқытпа аққыштығының көрсеткіші.

ПЭ 63, ПЭ 80, ПЭ 100: Полиэтилен құбырларының материалын белгілеу.

ЭХҚ: Электрлі-химиялық қорғау.

4 Жалпы ережелер

4.1 Қазақстан Республикасының қалаларында, поселкелері мен ауылдық елді-мекендерінде тұрғын үйлердің газ құбырларын, газ жабдығын, автоматтандыру, қорғау және

дабыл жүйелерін пайдалану мамандандырылған кәсіпорындарға, ұйымдарға және жұмыстардың аталған түріне лицензия алған, газ шаруашылығы қызметінің басқа да субъектілеріне (бұдан әрі – кәсіпорындарға) рұқсат етіледі.

4.2 Газ құбырларына берілетін тауарлық газдар ГОСТ 5542-87 талаптарына сай келуге тиісті.

4.3 Газ шаруашылығы кәсіпорындары және жеке өздерінің газ қызметтері бар басқа да ұйымдар:

1) барлық тұтынушыларды газбен үздіксіз жабдықтауды;
2) олардың теңгеріміндегі, сондай-ақ келісімшарттар бойынша олар қызмет көрсететін газбен жабдықтау жүйелерінің қауіпсіз пайдаланылуын;

3) техникалық шарттарды әрі қарай беру үшін елді-мекендердің газ тарату тораптарының өткізу қабілетін ескере отырып, тұтынушыларды газдандыру мүмкіндігін анықтауды;

4) барлық санаттағы тұтынушылардың газ шығындауын есептеуді және ұтымды пайдаланылуын бақылауды;

5) өндірістік процестердің тиімділігін, сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталған жаңа техниканы енгізуді;

6) олардың алдын-алу бойынша шараларды әзірлеу мақсатында апаттарды және жазатайым оқиғаларды, апаттық жағдайларды уақытында зерттеуді, есепке алу мен талдауды;

7) газбен қамтамасыз ету желілеріне қосылуға жобалау-сметалық құжаттаманы келісуді;

8) тұрмыста газды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін насихаттауды және халыққа нұсқау беруді қамтамасыз етуге міндетті.

4.4 Газбен жабдықтау жүйелерін пайдалану:

1) техникалық қызмет көрсетуді;
2) жоспарлы жөндеу жұмыстарын (ағымдағы және күрделі жөндеу);
3) апаттық-қалпына келтіру жұмыстарын;
4) маусыммен жұмыс істейтін жабдықты қосу мен ажыратуды;
5) қызмет етпейтін газ құбырлары мен газ жабдығын ажыратуды;
6) абоненттердің өтінімдері бойынша газ жабдығының жөндеу жұмыстарын орындауды қамтиды.

4.5 Тәртіп бұзушылық сипатына қарай басшылар, мамандар, жұмысшылар мен азаматтар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктерге тартылуы мүмкін.

Газ құбырына апаттық қызмет көрсетуді тәулік бойы ГТҰ АДҚ немесе (газ ағынын тарату жөніндегі функция болмаған жағдайда) пайдаланушы ұйымның апаттық газ қызметі жүзеге асырады.

5 Газ құбырлары мен газ жабдығына қойылатын талаптар

5.1 Техникалық эксплуатациялауды ұйымдастыру

5.1.1 Объектілерді техникалық эксплуатациялау кезінде жұмыстардың мынадай түрлері орындалады:

- техникалық қызмет көрсету;
- жөндеу (ағымдағы және күрделі);
- жер асты газ құбырларын қайта құру;
- апаттық қызмет көрсету;
- апаттық-қалпына келтіру жұмыстары;
- маусыммен жұмыс істейтін, газ пайдалану жабдығын қосу және ажырату;
- қызмет етпейтін газ құбырлары мен газ пайдалану жабдығын ажырату және бөлшектеу (демонтаж);

- техникалық диагностикалау;
- пайдалану-техникалық құжаттамасын енгізу.

5.1.2 Пайдаланушы ұйымның орнатылған тәртіппен бекітілген, нормативтік құжаттармен көзделген көлемдерде техникалық пайдалану жұмыстарын орындау үшін жеткілікті жабдығы, аспаптық техникасы, автокөлік құралдары мен механизмдері, технологиялық жабдықтары, құрал-саймандары мен материалдары болуға тиіс.

5.1.3 Қолданылатын материалдардың, оқшаулау және дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу сапасын тексеру пайдаланушы ұйымның зертханасымен немесе басқа мамандандырылған бөлімшесімен орындалады.

5.1.4 Техникалық эксплуатациялау, оларды орындау әдістері мен тәсілдері бойынша жұмыстардың құрамы «Газбен жабдықтау жүйелерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің және осы Ережелердің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

5.1.5 Өндірістік нұсқаулықтар «Газбен жабдықтау жүйелерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің, Табиғи газдарды тарату және тұтыну жүйелерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының, осы Ережелердің, жабдықты өндіруші құжаттамасының, орнатылған тәртіпте бекітілген, үлгілі нұсқаулықтар мен ережелердің талаптарына сәйкес әзірленеді.

5.1.6 Пайдаланушы ұйымда өндірістік бақылау орындалатын жұмыстардың бейіні ескеріле отырып, Табиғи газдарды тарату және тұтыну жүйелерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес әзірленген ереже негізінде іске асырылады.

5.1.7 Өндірістік бөлімшелердің (қызметтердің) мамандарының біліктілігін мамандандырылған оқу курстарында (оқу орталықтарында, комбинаттарда және т.б.) арттыруды:

- жұмыс жеке құрамы үшін жыл сайын;
- техникалық басшылар, мамандар мен инженерлік-техникалық қызметкерлер үшін үш жылда бір рет жүргізу қажет.

5.2 Пайдалану құжаттамасының құрамы

5.2.1 Объектілерді пайдалануға қабылдау актілері және оларға қоса берілетін жобалау мен құрылыстың атқарушы құжаттамасы пайдалану ұйымының мұрағатында объектілерді пайдаланудың бүкіл мерзімі бойы сақталуға тиіс. Пайдалану ұйымы техникалық пайдалану кезінде орындалатын жұмыстардың түрі, өндірістік қызметтің көрсеткіштері, өлшем бірліктерін тексеру бойынша пайдалану құжаттамасын жасайды және жүргізеді.

5.2.2 Пайдалану құжаттамасын ДЭЕМ-де жүргізу және оны магниттік тасығыштарда сақтауға рұқсат етіледі.

5.2.3 Пайдалану құжаттамасының түрлері мен нысандары қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттармен орнатылады.

5.2.4 Жасалатын пайдалану құжаттамасының көлемі нормативтік-техникалық құжаттарда көрсетілген көлемге сәйкес келуге тиіс, ал мұндай нұсқаулар болмаған жағдайда пайдаланушы ұйыммен айқындалады.

5.2.5 Пайдалану құжаттамасының негізгі нысандары осы Ережелердің Б-қосымшасында келтірілді.

5.2.6 Атқарушы құжаттама жоғалған жағдайда объект туралы деректерді қалпына келтіру көзбен шолып қарау және аспаптар көрсеткіштерінің, техникалық тексеру, шурфтық тексеру, бақылау нығыздау нәтижелерінің негізіндегі өлшеулермен және басқа әдіс-тәсілдермен жүргізіледі.

Объектті әрі қарай пайдалану процесінде қалпына келтірілген құжаттама нақтыланады және техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстарды орындау процесінде анықталған деректер негізінде толықтырылады.

5.3 Сыртқы газ құбырлары. Жалпы нұсқаулар

5.3.1 Сыртқы газ құбырларын техникалық пайдалану кезінде мынадай жұмыс түрлері орындалады:

- елді-мекендердің аумағына газ құбырына берілетін қысымды бақылау;
- газ құбырларын және сыртқы газ құбырында, ғимаратқа енгізу немесе тұтынушының сыртқы газ пайдалану жабдығының алдында орналасқан арматураны қоса алғанда, олардағы құрылыстарға техникалық қызмет көрсету, ағымдағы және күрделі жөндеу;
- газ құбырларын тот басудан электрлі-химиялық қорғау құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу, ЭХҚ қызметінің тиімділігін тексеру;
- газ құбырларында ылғал мен конденсаттың болуын тексеру және оларды жою;
- газ құбырларын техникалық диагностикалау;
- апаттарды оқшаулау мен жою, апаттық-қалпына келтіру жұмыстары;
- газ құбырларын және олардағы құрылыстарды бөлшектеу.

Жұмыстарды жүргізу реттілігі мен әдіс-тәсілдері осы Ережелерде, қолданыстағы салалық үлгі нұсқаулықтарында, орнатылған тәртіппен бекітілген басшы құжаттарында, әдістемелерде, технологиялық карталарда келтірілген және пайдаланушы ұйым әзірлейтін өндірістік нұсқаулықтарда көрсетілген болу керек.

5.3.2 Қалалар мен елді-мекендердің газ тарату тораптарында газ қысымын бақылау оны мерзімді түрде (бірақ жылына кемінде бір рет) өлшеу арқылы жүргізіледі.

5.3.3 Газ құбырларында ылғал мен конденсатты тексеру, оларды жою бітелген жерлердің пайда болу мүмкіндігін жоқ мерзімділікпен жүргізіледі.

5.3.4 Газ құбырларына техникалық қызмет көрсету кезінде мынадай жұмыс түрлері жүргізіледі:

- трассаларды аралап шығу кезінде газ құбырларының жай-күйін қадағалау;
- газ құбырларын техникалық тексеруден өткізу.

Газ құбырларының трассаларын аралап шығу пайдаланушы ұйым орнатқан, бірақ «Газбен жабдықтау жүйелерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінде көзделген мерзімдерден сирек емес мерзімдерде жүргізіледі. Аралап шығу кестелері газ құбырларын пайдалану шарттарының өзгерістеріне сүйене отырып, үш жылда кемінде бір рет қайта қаралуы тиіс. Газ құбырларының трассаларын аралап шығу кезіндегі жұмыстар «Газбен жабдықтау жүйелерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің және осы тараудың талаптарына сәйкес орындалады.

Газ шығуын, сондай-ақ жер асты болат газ құбырларының оқшаулағыш жабындарының зақымдануларын айқындау мақсатында жүргізіледі. Техникалық қызмет көрсету бір айда кемінде бір рет іске асырылады, сондай-ақ жаңа жабдықты орнату, жөндеу немесе қызмет мерзімі біткен жабдықты ауыстыру жағдайында жүргізіледі.

5.3.5 Ағымдағы және күрделі жөндеу (газ құбырларын ауыстыру, қайта жаңғырту) газ құбырларына техникалық қызмет көрсету және диагностикалау нәтижелері бойынша жүргізіледі. Газ құбырларын диагностикалау алты айда бір рет жүргізіледі.

Әрі қарай пайдалануға жатпайтын болат газ құбырын қайта жаңғырту жаңа болат құбырына ауыстыру немесе тозған болат газ құбырларының ішінде полиэтилен құбырларын созу, болат газ құбырларының ішкі бетін арнайы екі компонентті желім негізіндегі синтетикалық мата шлангымен қаптау әдісімен, сондай-ақ орнатылған тәртіппен қолдануға рұқсат етілген басқа әдіс-тәсілдермен жүргізіледі.

5.3.6 Апаттық-қалпына келтіру жұмыстары газ құбырларын жөндеу және газдың шығуы уақытша жойылғаннан кейін тұтынушыларға газды беруді қалпына келтіру қажеттілігі кезінде жүргізіледі.

5.4 Газ құбырындағы газ қысымын өлшеу

5.4.1 Газ құбырларындағы газ қысымын бақылау оны ең көп жұмсаған кезде (қысқы мерзім) және газды барынша тұтыну сағаттарында өлшеу арқылы жүргізіледі.

Қысымды жоспардан тыс өлшеу қызметтегі ГТП қолданыс радиустарын нақтылау, жаңа тұтынушыларды қосу мүмкіндігін айқындау үшін, сондай-ақ тұтынушы қосылатын газ құбырының учаскесінде шығыстың 10 % астам газ шығысымен жаңа тұтынушыларды газды пайдалануға қосу кезінде жүргізу ұсынылады.

5.4.2 Қысымның өлшемдері газ торабының алдын ала белгіленген нүктелерінде, ГТП шығу жерінде және пайдаланушы ұйымның техникалық басшылары орнатылған тәртіппен бекітетін кесте бойынша тұтынушыларда жүргізіледі.

Пайдаланушы ұйым газ құбырларында қысымды өлшеу нүктелерін (пункттерін) газдың қысымын азайту туралы тұтынушылардың өтінімдерін ескере отырып, эксплуатациялау тәжірибесіне сүйеніп айқындайды.

ГТП-дан ең алыс орналасқан (газ барысы бойынша) тұтынушыларда газ құбырларының учаскелерінде өлшеу нүктелері және газды беру жағдайы бойынша газ торабының басқа да қолайсыз нүктелері өлшем кестесіне енгізілген болу керек.

Газ құбырларының гидранттық және конденсаттық тығындармен бітелу орындары анықталған және нақтыланған жағдайда қосымша өлшемдер жүргізіледі.

5.4.3 Қысымды өлшеу өлшем кестесімен көзделген барлық нүктелерде бір уақытта жүргізуі қажет. Жұмыстарды жүргізу ұзақтығы 1 сағаттан аспау керек.

Газ құбырының кейбір линиялық учаскелерінде қысымның күрт өзгеруін анықтау бітелген жерлердің болуы жайында куәландырады.

5.4.4 Тұтынушылардың ГТП (ГТҚ) кіруі және шығуы кезіндегі қысым манометрмен өлшенеді.

Газ құбырларындағы қысымды өлшеу үшін манометрлердің мынадай түрлерін қолдану қажет:

- қысымы 0,01 МПа болған кезде - қысымды өлшегішпен;
- қысымы 0,01 МПа артық болған кезде – тиісті шкаласы бар үлгілі немесе серіппелі

бақылау манометрлері.

5.4.5 Газ қысымын өлшегеннен кейін орнатылған тығындардың, штуцерлердің, жалғаулардың саңылаусыздығы аспаптармен немесе басқа әдістермен тексерілуі тиіс.

5.4.6 Қысымды өлшеу нәтижелері арнайы журналға жазылады. Өлшеу нәтижелері бойынша газ тарату жүйесінде қысымның нақты режимін бағалау қажеттілігі болған кезде оны жобалау есептік кестесімен салыстыру және газдың жеткіліксіз қысымының себептерін айқындау үшін қысымның режимдік картасын жасау керек.

5.4.7 Газ тарату жүйелерінің оңтайлы жұмыс тәртібін қалпына келтіру үшін газ құбырларын тазартуды, жеке учаскелерін ауыстыруды немесе қосымша газ құбырларын тартуды, ГТП кейін газ қысымын арттыруды, жаңа ГТП орналастыруды, тарату газ құбырларын сақиналауды қарастыру ұсынылады.

5.5 Газ құбырларының трассаларын аралап шығу

5.5.1 Газ құбырларының трассаларын аралап шығуды газ құбырларына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь (аралаушы) жүзеге асырады. Аралаушылар аралау бойынша қызмет шеберіне тікелей бағынады.

5.5.2 Қызмет көрсету ыңғайлығы үшін бағыттарға бөлінетін газ құбырларының жеке трассалары аралаушыларға тапсырылады. Аралаушылардың толық жұмыс күніне жұмыс бастылығын қамтамасыз ету үшін аралап шығу бағыттары аралаушылардың орындайтын барлық жұмыс түрлері, трассалардың алшақтығы, газ құбырларының ұзындығы, газдылығы тексерілетін құрылыстардың (жер асты коммуникациялардың құдықтары, ғимараттардың жергілікті және т.б.) саны, трассаларды тексеріп қарау бойынша жұмыстарға кедергі

жасайтын көлік қозғалысының қарқындылығы және жұмыстардың еңбекті қажетсінуіне ықпал ететін басқа фактор ескеріле отырып жасалады.

Трассаларды аралап шығу бойынша жұмыстардың еңбекті қажетсінуіне және газ құбырларының өзара орналасуына байланысты бағыттарды құрастыру кезінде жер асты, жер үсті және жер бетіндегі газ құбырларына бірлесіп қызмет көрсету мүмкіндігін ескеру ұсынылады. Аралап шығудың әрбір бағытына бағыт картасы жасалады, оған нөмір беріледі.

5.5.3 Бағыт картасында:

- бағыт мекенжайы мен нөмірі;
- газ құбырының трассасын аралап шығу кестесі (көшелер, жолдар, кварталдар бойынша) және газ құбырының нүктелерін (бұрылыс, құрылыс бұрыштарын) тұрақты нысаналарға байланыстырып, олардағы құрылыстарды;

- 15 м дейінгі қашықтықта және жер асты газ құбырының осінен екі жаққа 50 м қашықтықта орналасқан жер асты коммуникациялардың құдықтары және ғимараттардың жертөлелері;

- газ құбырының жалпы ұзындығы;
- қызмет көрсетілетін құрылыстардың саны және аталған бағыт бойынша еңбекті қажетсінуін есептеу үшін сипаттамаға енгізілген қызмет көрсетілетін бағыт бойынша жалпы ұзындығы көрсетіледі.

5.5.4 Газ құбырларының трассаларындағы барлық өзгерістер (жаңа газ құбырларын енгізу, ғимараттар мен құрылыстарды құлату және салу) пайдалануға енгізілген сайын уақытында бағыт карталарына енгізіледі.

Бағыт карталары кемінде екі дана болып шығарылады, біріншісі жер асты газ құбырларын пайдалану бойынша қызметте сақталады, ал екіншісі сол жердегі трассамен танысып, қол қойғаннан кейін аралаушыларға беріледі.

5.5.5 Эксплуатациялау бойынша қызметінің жұмыскері өздері қызмет көрсететін газ құбырларының трассаларын, оларда орнатылған құрылыстарды (тығын арматурасын, бақылау түтіктерін, конденсат жинағыштарды, су қақпақтарын және т.б.), сондай-ақ газ құбырының екі жағынан 15 м дейінгі қашықтықта орналасқан үйлер жертөлелерінің және басқа ұйымдардың жер асты құрылыстарының барлық құдықтарының орналасқан жерлерін білуге тиіс.

5.5.6 Қызмет шебері аралаушылардың трассаға әрбір шығуы алдында аралаушылардың бағыт карталарының, газ талдағыштың, жеке қорғану аспаптары мен құралдарының болуын тексереді.

Аралаушылар бригадасының аспаптармен, құрал-саймандармен, арнайы киіммен, жеке қорғану құралдарымен және материалдармен жинақталуы аталған бағыттағы жұмыстардың құрамына байланысты жүргізіледі. Әрбір аралап шығу кезінде аралаушылардың газ талдағышы, құдықтарды ашу үшін ілгегі, арнайы киімі болуға тиіс. Жүргінші жолы аумағында жұмыстарды орындау кезінде дабыл жилетінің, дабыл белгілерінің, ескерту тақтайшаларының болуы қажет.

5.5.7 Орындалған жұмыстарды тексеру аралап шығу күні немесе келесі күні трассаны қайталап аралап шығу әдісімен жүргізілуі мүмкін.

Орындалған жұмыстарды тексеру (қызметтің инженерлік-техникалық қызметкері) аралап шығу күні немесе келесі күні трассаны қайталап аралап шығу әдісімен жүргізілуі мүмкін.

5.5.8 Тұрғын ғимараттардың қабырғалары бойынша орналасқан газ құбырларын аралап шығу кезінде олардың бүтіндігін, бояу мен тіреуіштердің жай-күйін тексеру (көзбен шолып қарау) керек, құбырлардың жалпаюы мен майысуларын, тіреуіштерден тыс газ құбырларының жылжуын анықтау қажет.

Жер үсті газ құбырларын аралап шығу кезінде газдың шығуы, ажырату құрылғыларының зақымдануы, құбырларды бекітпелерінің бұзылуы және салбырауы айқындалады.

Ғимараттардың енгізбе газ құбырларын және жер асты газ құбырларының жерден шығуларын тексеріп қарау кезінде:

- газ құбырының жерден шыққан орнында топырақ бұзылуының болмауын;
- қорғау футлярының, компенсатордың жай-күйін;
- газдылығын тексеру үшін футлярдағы бақылау түтігінің жай-күйін (қажет болған жағдайда оны тазарту керек);
- егер енгізбе газ құбырының құрылымы саңылауы бар қақпағын көздейтін болса, полиэтилен болаттың алынбайтын жалғауының жай-күйін;
- енгізбе газ құбырының жер үсті бөлігі бояуының жай-күйін және ғимараттың сыртқы құрылымы арқылы оның өту жерінде футлярдың саңылаусыздығын тексеру керек.

5.5.9 Газдың жертөледе, құдықтарда, коллекторларда, камераларда, бақылау түтіктерінде және басқа құрылыстарда болуы газ талдағышпен, газ индикаторларымен айқындалады. Газдың көрсетілген құрылыстарда болуын бақылаулық тексеруге қажет болған жағдайда, зертханалық талдау үшін ауа сынамасы алынуы мүмкін. Зертханалық талдаумен құрылыстың батпақ не басқа жанғыш газдармен газдалғаны анықталған жағдайда пайдалану ұйымы бұл жөнінде осы құрылыстың меншік иесіне (жалға алушыларға, жалға берушілерге) хабарлайды. Газдылықтың болуын отпен анықтауға тыйым салынады.

5.5.10 Құдықтарда, жертөлелерде не басқа құрылыстарда газдың болуы анықталған жағдайда қажетті шараларды қабылдау үшін газдылықтың айқындалуы туралы шеберге не қызметтің басқа инженерлік-техникалық қызметкеріне немесе АДҚ пультіне хабарлау керек. Бұдан басқа:

- қызмет бригадасы келгенше газдалған құдықтарды, жертөлелерді және газдың болуы айқындалған басқа жерлерді желдету керек;
- газдалған үй-жайға, кіреберіске, жертөлеге кіру есігінің күзетілуін ұйымдастыру қажет және газдалған құдықтан 15 м жақын жібермеу керек;
- қажет болған жағдайда ғимараттан адамдарды эвакуациялау бойынша шараларды қабылдау керек (ҚР ТЖМ арнайы қызметтерінің, ғимарат әкімшілігінің, ПИТК, ПИК немесе полицияның көмегімен).

5.5.11 Басқа ұйымдар газ құбырының қорғау аймағында жұмыстарды (жер, жол, құрылыс) жүргізген уақытта газ құбырларының және олардағы құрылыстардың сақталуын қамтамасыз ету үшін аралаушы жұмыстарды орындау шарттарының берілген рұқсатқа сәйкестігін (газ шаруашылығымен жобалау құжаттамасының келістірілуін ұсыну) тексереді, газ құдықтары мен кілемдері қақпақтарының сақталуын, олардың зақымдануы, тас төсеу, асфальттау немесе көміп тастау мүмкіндігінің алдын алу мақсатында жол төсеміне қарай олардың дұрыс орналастырылуын қадағалайды.

5.5.12 Аралаушылар әрбір аралап шығудан кейін газ құбырлары трассаларының жай-күйін тексеру нәтижелерін рапортқа жазады, оны кейін шеберге тапсырады. Газ құбырында газдың шығуы мен ақаулықтар анықталған жағдайда аралаушы газ құбырындағы ақаулықтарды тіркеу және оларды жою жөніндегі журналды толтырады, сол мәліметтер кейін тағы аралап шығу жөніндегі рапортта тіркеледі және шеберге беріледі.

5.6 Газ құбырлары мен жабдығын техникалық тексеру

5.6.1 Газ құбырларын техникалық тексеруді қолданылатын аспаптарды өндірушінің пайдалану құжаттамасының талаптары, Табиғи газдарды тарату және тұтыну жүйелерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары ескеріле отырып әзірленген, өндірістік нұсқаулықтарға сәйкес аспаптық әдіспен (жер асты – топырақты ашпай) жүргізу қажет.

Сапалы нәтижелерді алу үшін жер асты газ құбырларының мерзімді аспапты тексерілуін жылдың жылы айларында, қары еріген жерде, ауа райы құрғақ болған кезде жүргізу ұсынылады.

Газ құбырларының су астындағы өткелдерін тексеру орнатылған тәртіппен бекітілген, арнайы әдістемелер бойынша жүргізілуі тиіс.

Пайдаланушы ұйым полиэтилен газ құбырларын техникалық тексеру кезінде жоғары сезімтал газ іздегіштің көмегімен газ құбырларының герметикалылығын тексереді (салынған бөлігінде – жылына кемінде бір рет, көбінесе көктем кезінде, салынбаған бөлігінде – бес жылда кемінде бір рет).

5.6.2 Оқшаулау жай-күйін аспаптық тексеру және жер асты болат газ құбырларының саңылаусыздығын тексеру құрамында кемінде үш адам бар кешенді бригадасымен бір уақытта жүргізілуі мүмкін: оқшаулағыш жабынды тексеру жөніндегі екі оператор және саңылаусыздығын тексеру бойынша бір оператор. Бұл ретте, саңылаусыздығын тексеру бойынша оператордың оқшаулаудың зақымдалған жерлері туралы деректері болуы үшін, оқшаулағыш жабынды тексеру жөніндегі операторлар алда жүруге тиіс.

5.6.3 Газ құбырының саңылаусыздығын тексеру тексерілетін газ құбырының бүкіл трассасы бойы жүргізіледі. Бұл ретте, газдылығын айқындау үшін газ құдықтары және газ құбырында орнатылған бақылау түтіктері, сондай-ақ басқа жер асты коммуникациялардың газ құбырының екі жағы бойынша 15 м дейінгі қашықтықта орналасқан құдықтары, коллекторлар, ғимараттардың жертелелері, көпір тіреулерінің шахталары тексеріледі. Оператордың тексерілетін газ құбыры трассасының бағыт картасы болуға тиіс. Анықталған газ шығу апаттық тәртіппен жойылады.

5.6.4 Жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және автокөліктің пайдаланылған газдарының тексеру сапасына ықпалын азайту мақсатында көлік магистральдары бойы орналасқан газ құбырларын тексеруді көлік қозғалысының ең аз қарқындылық сағатында жүргізу ұсынылады. Көшелердің жүргінші бөліктерінде операторлар дабыл жилетін киіп жұмыс істейді.

5.6.5 Оқшаулаудың зақымдануы анықталған жерлерде және аспаптарды пайдалану индустриалдық кедергілермен қиындатылған учаскелерде жер асты газ құбырларын техникалық тексеру үшін ұзындығы 1,5 м кем емес шурфтар (тарату газ құбырының әрбір 500 м кемінде 1 және енгізбе газ құбырының 200 м) қазылуы тиіс.

5.6.6 Жер асты газ құбырының саңылаусыздығын тексеруді және газдың шығу жерлерін анықтауды ұңғымаларды бұру әдісімен жүргізуге рұқсат етіледі.

Ұңғымалар трассаның әрбір 2 м арқылы газ құбыры қабырғасынан қашықтығы кемінде 0,5 м жерде салынады.

Ұңғымаларда газдың болуы тексеру аспаптармен жүргізіледі. Ұңғыма аузын байқап көру үшін ашық отты пайдалану ғимараттар мен құрылыстардан 3 м жақын емес қашықтықта рұқсат етіледі.

5.6.7 Газ құбырларының саңылаусыздығын ауаны нығыздаумен тексеруді құрылыс нормаларымен және ережелерімен реттелетін, жаңадан салынған газ құбырларының саңылаусыздығын сынау нормалары бойынша жүргізуге рұқсат етіледі.

5.6.8 Жер асты газ құбырын нығыздау бойынша жұмыстарды бастар алдында мынадай дайындық жұмыстары орындалады:

- атқарушы-техникалық құжаттаманың жұмыстарды өндіру орнында жер асты газ құбырының нақты орналасуына сәйкестігі тексеріледі;

- бұқтырманың, үрлеп тазартатын шамдардың, бақылау-өлшеу аспаптарының орналасқан жерлері, компрессордың қосылу жері айқындалады.

5.6.9 Жұмыстарды орындау үшін әрбір нақты жағдайда жергілікті жағдай ескеріле отырып, жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу жоспары әзірленеді, онда мынадай шаралар қарастырылады:

- жұмыстарды жүргізу реттілігі;
- газбен қамтамасыз етуден тұтынушыларды ажырату тәртібі;
- газ құбырларын газдан босату тәртібі;
- сынау жүргізілгеннен кейін газ құбырын газбен үрлеу кезінде жұмыстарды жүргізу тәртібі;
- газ құбырын пайдалануға қосу тәртібі;
- механизмдердегі, құрылғылардағы, аспаптар мен материалдардағы мұқтаждық.

5.6.10 Нығыздауға қатысатын мамандар мен жұмыскерлер жұмысты бастар алдында жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу жоспарымен таныстырылған болу керек және оларға жұмыстарды қауіпсіз жүргізу әдістері бойынша нұсқаулар беру қажет.

5.6.11 Жұмыстарды орындау мерзімдері және газ беруді тоқтату туралы халық пен тұтынушыларды құлақтандыру олар басталмастан үш тәулік бұрын жүргізілуі тиіс.

5.6.12 ЭХҚ қондырғыларын ажырату нығыздау жөніндегі жұмыстар басталғанға дейін бір күннен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс.

5.6.13 Жер асты газ құбырларын нығыздау кезінде жұмыстар мынадай тәртіппен орындалады:

- бұқтырманы орната отырып, тұтынушылардың енгізбе газ құбырларында жапқыштар мен крандарды жабу арқылы газ құбырының сыналатын учаскесін ажырату, оны газдан босату жүргізіледі. Фланцтік жалғауларды ажырату орындарында шунттаушы ұстатқыштар орнатылады;

- газ конденсат жинағыштың тіреушесінде орнатылған шам арқылы шығарылады, және мүмкіндігінше жандырылады;

- газ құбыры газдан босатылғаннан кейін конденсат жинағыштың тіреушесінде шамның орнына компрессор мен манометрді қосу үшін құрылғы орнатылады.

Газ құбырларының сақиналанған кестесі кезінде немесе ажырату құрылғылары болмаған жағдайда нығыздауды жүргізу үшін жер асты газ құбырының екі метрлік учаскесі ашылады. Газ қысымы 40 даПа-ға дейін азайғаннан кейін терезе не орауыш кесіп алынады және газ құбырының екі жағына да бұқтырмалар орнатылады.

Газ құбырының сыналатын учаскесінде конденсат жинағыштар болмаған жағдайда шамды және компрессор мен манометрді қосу үшін құрылғыны қосу тікелей құбырға немесе орнатылған бұқтырманың біреуіне дәнекерленген, бұrandасы бар штуцердің көмегімен жүргізіледі.

5.6.15 Егер нығыздауды жүргізу кезінде газ құбырындағы қысым азаймаса, онда нығыздау нәтижелері оң деп саналады.

5.6.16 Техникалық тексеріп қарау нәтижелері актілермен ресімделеді, кемшіліктер анықталған жағдайда актілерде газ құбырын жөндеу, қайта салу (ауыстыру), қайта жаңғырту жүргізу қажеттілігі туралы қорытынды беріледі.

5.6.17 Газ жіберуді жүргізетін бригада барлық ішкі газ құбырларын мен газ жабдығын қолданыстағы сыртқы газ құбырларына қосар алдында, сондай-ақ жөндеуден кейін оларды сыртынан қарап шығып, бақылаушы нығыздауды жүргізуге тиіс.

Бақылаушы нығыздау ауамен не оқшау газдармен орындалады.

Тұрғын үйлердің ішкі газ құбырлары мен газ жабдығын бақылаушы нығыздау 500 даПа (500 мм вод.ст) қысымымен жүргізілуі тиіс. Қысымның түсуі 5 мин. 20 даПа (20 мм вод.ст.) аспау керек.

Қосылатын газ құбырларындағы ауа қысымы оларды қосу не газды жіберу бойынша жұмыстар басталғанша сақталуы тиіс.

Егер қаралған және бақылаушы нығыздаудан өткен газ құбырлары газбен толтырылмаса, онда газды жіберу бойынша жұмыстарды қайта бастаған кезде олар қайта қаралып, нығыздалуы тиіс.

5.6.18 Бақылаушы нығыздау нәтижелері газ қауіпті жұмыстарды орындауға наряд-рұқсаттамаға жазылуы тиіс.

5.7 Газ құбырларын ағымдағы және күрделі жөндеу

5.7.1 Ағымдағы жөндеу кезінде газ құбырларына техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу нәтижесінде анықталған, барлық кемшіліктер жойылады.

5.7.2 Жер үсті газ құбырларын ағымдағы жөндеу кезінде мынадай жұмыс түрлері жүргізіледі:

- газ құбырының иілуін (майысуын) орнына келтіру;

- газ құбырының бекіткіштерін жөндеу және ауыстыру, тіреуіштердің зақымдануларын жою;

- газ құбырлары мен арматураны (қажет болған сайын) бояу;

- компенсаторларды жөндеу және ауыстыру;

- арматура мен компенсаторларды лай мен тоттан тазарту;

- қабырғаның үстіндегі белгілерді қалпына келтіру не ауыстыру;

- барлық дәнекерленген, бұрандалы және фланцтік жалғаулардың саңылаусыздығын аспаппен не сабын эмульсиясымен тексеру;

- арматурадан газдың шығуын жою, орауыштарды дәнекерлеу;

- газ құбырлары мен арматураның бітелген жерлерін жою;

- газ құбыры түтіктерінің механикалық зақымдануларын (газ шықпайтын) жою;

- газ құбырынан газдың шығуын жою.

5.7.3 Жер асты және жер үсті газ құбырларын ағымдағы жөндеу кезінде мынадай жұмыс түрлері орындалады:

- жер үсті газ құбырларының топырақпен үйілуін қалпына келтіру, топырақтың отыруы, жылжуы, опырылуы және эрозиясы кезінде жобалау белгілерге дейін жер асты газ құбырларының үстінен топырақ төгу;

- газ құдықтарының, қақпақтарының, кілемдердің қисайған, отырған және басқа да ақауларын, конденсат жинағыштар мен су қақпақтарының тіреушелерінің шеттерін жою;

- газ құбырларының бітелген жерлерін жою;

- арматура мен газ құбырларынан газдың шығуын жою;

- газ құбырларының оқшаулау төсемдерінің кейбір зақымдалған жерлерін жөндеу;

- кілемдер мен бақылау түтіктерін ауыстыру;

- жер асты өткелдерінің төселген жерлерін, құбырлардың футеровкасын қалпына келтіру, газ құбырларын тартудың шайылған учаскелеріне топырақ төгу, жүктерді қалпына келтіру;

- газ құдықтарын лайдан, су мен бөтен нәрселерден тазарту, баспалдақ пен қапсырмаларды тексеру және бекіту, кірпіш қалау мен сылақтың кейбір жерлерін қалпына келтіру, қылтаның сынған жерлерін дұрыстау, құдықтардың жиектері мен гидрооқшаулығын қалпына келтіру.

5.7.4 Газ құбырларын күрделі жөндеу кезінде мынадай жұмыс түрлері жүргізіледі:

- газ құбырларының жеке учаскелерін ауыстыру;

- газ құдықтарын ауыстыру;

- газ құбырының жеке учаскелерінде оқшаулауды ауыстыру;

- газ құбырының құбыр қабырғаларын қалпына келтіру, орауыштарды ұштастыру;

- күшейткіш муфталарды орнату;

- газ құбырларын енгізу жерлерін ауыстыру;

- үстіңгі жабындарды бұзу және ауыстыру, газ құдықтарының қылталарын қайта салу; олардың гидрооқшаулығын толығымен қалпына келтіру, биіктігі бойынша құдықтарды көтеру, сылау, баспалдақ пен қапсырмаларды ауыстыру;

- конденсат жинағыштардың кілемдерін, су қақпақтарын бөлшектеу, қосымша орнату не ауыстыру;

- жер асты газ құбырларының учаскелерін ғимараттардың тіреуіштері мен алдына шығару;

- жер асты газ құбырларының жерге енгізу және жерден шығу жерлерінің футляры мен оқшаулығын ауыстыру.

- жер асты газ құбырларының тіреуіштерін ауыстыру.

5.7.5 Ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары туралы газ құбырының пайдалану паспортында жазылады.

5.8 Конденсат жинағыштардан конденсатты жою

5.8.1 Конденсат жинағыштардан конденсат арнайы ыдысқа алынып тасталады. Төмен қысымдағы газ құбырларынан қол сорғышымен, ал жоғары және орта қысымдағы газ құбырларынан – газ қысымымен алынып тасталады.

5.8.2 Конденсат жинағыштардан конденсатты жою бойынша жұмыстар газ қауіпті жұмыстарға жатады, оларды құрамында кемінде екі адам бар жұмысшылар бригадасы орнатылған нысандағы наряд-рұқсаттама бойынша орындайды.

5.8.3 Объектіге шығар алдында бригадир немесе көрсетілген жұмыстарды басқару тапсырылған, ең білікті жұмысшы құрал-саймандардың, материалдар мен құрылғылардың жинақталуын, жеке қорғану құралдарымен және арнайы киіммен қамтамасыз етілуін тексереді, тиісті пайдалану-техникалық құжаттамасымен танысады.

5.8.4 Төмен қысымдағы газ құбырларынан конденсат жинағыштардан конденсатты айдап шығару мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- конденсат жинағыштың тіреушесіндегі қақпақ алынады;
- конденсат жинағыштағы конденсаттың деңгейі өлшеуіш сызғышпен өлшенеді;
- тіреуше арқылы қол сорғышының сорғыш келте құбыры түсіріледі және тіреушеде бекітіледі;
- сорғыштың айдауыш келте құбыры конденсатты төгу үшін арнайы сыйымдылыққа не автоцистернаға салынады;
- конденсатты айдап шығару жүргізіледі, аяқталғаннан кейін сорғыштың сорғыш келте құбыры алынады және тіреушедегі қақпақ бұрап жабылады;
- аспаптың не сабын эмульсиясының көмегімен бұранда жалғауларының саңылаусыздығы тексеріледі.

5.8.5 Жоғары және орта қысымдағы газ құбырларындағы конденсат жинағыштардан конденсатты жою мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- конденсат жинағыштың тіреушесіндегі тиек құрылғысының жабылғаны тексеріледі, конденсат жинағыштың тіреушесіндегі қақпақ бұрап алынады;
- муфтаға бұрып апаратын түтік бұратылады, оны арнайы сыйымдылыққа не автоцистернаға қосады;
- конденсат жинағыштың тіреушесіндегі тиек құрылғысы ақырын ашылады және конденсаттың сыйымдылыққа не автоцистернаға құйылуы жүргізіледі;
- конденсат жойылғаннан кейін конденсат жинағыштың тіреушесіндегі тиек құрылғысы жабылады, бұрып апаратын түтік бұрып алынады;
- қақпақ тіреушенің муфтасына бұрып салынады және аспаптардың не сабын эмульсиясының көмегімен тиек құрылғысының және бұранда жалғауларының саңылаусыздығы тексеріледі.

5.8.6 Газ құбырынан конденсатты жою кезінде автоцистерна не сыйымдылық люгінің қақпағы үнемі ашық болу керек.

5.8.7 Конденсатты жер бетіне, су ағызу жүйелеріне, канализацияға және басқа инженерлік коммуникацияларға құюға тыйым салынады.

5.8.8 Конденсатты жою бойынша жұмыс нәтижелері жер асты газ құбырлары қызметінің эксплуатациялық журналында ресімделеді.

5.9 Жер асты болат газ құбырларын тот басудан электр-химиялық қорғау құралдарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу

5.9.1 Жер асты газ құбырларын тот басудан электр-химиялық қорғау құралдарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу, ЭХҚ тиімділігін бақылау және газ құбырларының тот басудан зақымдануын болдырмау бойынша іс-шараларды әзірлеу пайдаланушы ұйымның мамандандырылған құрылымдық бөлімшелерінің жеке құрамымен немесе мамандандырылған ұйымдармен іске асырылады.

5.9.2. ЭХҚ құралдарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу және тиімділігін тексеру бойынша жұмыстарды орындау мерзімділігі Табиғи газдарды тарату және тұтыну жүйелерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарымен орнатылады. ЭХҚ құралдарының қолданыс аясындағы газ құбырларында электр әлеуеттерін жоспарлы өлшеумен бірге ЭХҚ тиімділігін тексеру кезінде әлеуетті өлшеуді жүргізуге рұқсат етіледі.

5.9.3 ЭХҚ қондырғыларына техникалық қызмет көрсету электр-қорғау қондырғыларының меншік иесі-ұйымдарының техникалық басшылары орнатылған тәртіппен бекітілген кестелер бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүргізіледі. ЭХҚ құралдарын пайдалану кезінде олардың жұмыс істемей қалған жағдайлары және тұрып қалған уақытының есебі жүргізіледі.

5.9.4 ЭХҚ катод қондырғыларына техникалық қызмет көрсету өзінде мынадай әрекеттерді қамтиды:

- қорғаушы жерге қосқыштың, қуат беретін және дренаждық желілердің (нөлдік сымды қайтадан жерге қосу) және қуат беретін желілердің контурының жай-күйін тексеру. Сыртқы қараумен жерге қосушы өткізгішінің электр-қорғау қондырғысының корпусына көзге көрінетін байланыс тиімділігі, ауа желісінің тіреуішінде қуат беретін сымдардың үзілмегені және нөлдік сымның электр-қорғау қондырғысының корпусымен байланыстың сенімділігі тексеріледі;

- сақтандырғыш жарамдылығын, байланыс сенімділігін, қызып және күйіп кету іздерінің жоқтығын айқындау мақсатында катод қорғауының барлық жабдық бөліктерінің жай-күйін тексеріп қарау;

- жабдық пен байланыс құрылғыларын шаннан, лайдан, қардан тазарту, тиісті белгілердің болуы мен сәйкестігін, байланыс құрылғыларының кілемдері мен құдықтарының жай-күйін тексеру;

- түрлендіргіштен шығарда тоқ қуатын, мөлшерін, электр-химиялық қорғаудың қосылған не ажыратылған қондырғысында қосылу нүктесінде қорғалатын газ құбырында әлеуетті өлшеу. Электр-химиялық қондырғының өлшемдері іске қосу-жөндеу деректеріне сәйкес келмеген жағдайда оның жұмыс тәртібін реттеу керек;

- пайдалану журналына тиісті жазбаларды енгізу.

5.9.5 Протекторлық қондырғыларға техникалық қызмет көрсету мынадай әрекеттерді қамтиды:

- протектор ажыратылған кезде жерге қатысты протектордың әлеуетін өлшеу;

- протектор қосылған және ажыратылған кезде «газ құбыры – жер» әлеуетін өлшеу;

- «протектор – қорғалатын құрылыс» тізбегіндегі тоқтың мөлшерін өлшеу.

5.9.6 Оқшауланған фланцтік жалғауларға техникалық қызмет көрсету фланцқа дейінгі және одан кейінгі «газ құбыры – жер» әлеуетінің айырмашылығын өлшеуді, фланцтағы қуат түсуін қамтиды. Кезбе тоқтардың әсері аймағында фланцқа дейінгі және одан кейінгі «газ құбыры – жер» әлеуетінің айырмашылығын өлшеуді синхронды жүргізу қажет.

5.9.7 Реттелетін және реттелмейтін жалғағыштардың жай-күйін жалғағыштардың қосылу жерлерінде «құрылыс-жер» әлеуеттерінің айырмашылығын (немесе жер асты құрылыстарында жақын жердегі өлшеу пункттерінде), сондай-ақ тоқтың мөлшері мен бағытын (реттелетін және реттелмейтін жалғағыштарда) өлшеу арқылы тексереді.

5.9.8 Техникалық тексеріп қарау кезінде орындалатын жұмыстарды қоспағанда, электр-химиялық қорғау қондырғыларының жұмыс тиімділігін тексеру кезінде тіреуіш нүктелерінде (қорғау аймағының шекарасында) және елді-мекендерде әрбір 200 м арқылы және елді-мекендердің арасындағы газ құбырларының тік желілерінде әрбір 500 м арқылы газ құбырының трассасы бойынша орналасқан нүктелерде қорғалатын газ құбырында әлеуетті өлшеу жүргізіледі.

5.9.9 ЭХҚ ағымдағы жөндеу:

- жұмыстың тиімділігін тексерумен техникалық тексеріп қарау бойынша барлық жұмыс түрлерінен;

- тоқты әкелетін бөліктердің оқшаулау кедергісін өлшеуден;

- түзеткішті және кестенің басқа бөліктерін жөндеуден;

- дренаж желілерінің үзілгенін жоюдан тұрады.

ЭХҚ жабдығын ағымдағы жөндеу кезінде оның толық тексерілуін шеберхана жағдайында жүргізу ұсынылады. ЭХҚ жабдығын тексеру уақытына қарай газ құбырының қорғалуын ауыстыру қорынан жабдықты орнатумен қамтамасыз ету керек.

5.9.10 ЭХҚ қондырғыларын күрделі жөндеу анодтық жерге қосқыштарды, дренаждық және қуат беретін желілерді ауыстырумен байланысты жұмыстарды қамтиды.

Күрделі жөндеуден кейін электр-химиялық қорғаудың негізгі жабдығы өндіруші-зауыт көрсеткен уақыт бойы, бірақ 72 сағаттан аз емес уақытта жүктеме астындағы жұмыста тексеріледі.

5.9.11 Газ құбырларындағы электр әлеуеттері мынадай мерзімдерде өлшенеді:

- қорғау құралдарының әсері аймағында – 6 айда кемінде 1 рет, сондай-ақ электрификацияланған көліктің электрмен жабдықтау жүйесінің жұмыс тәртібінің өзгеруіне, кезбе тоқ көздерінің, газ құбырларының және басқа да жер асты металл қоспаларының дамуына байланысты тот басу жағдайының әрбір өзгерісінен кейін;

- қалған жағдайларда – жылына кемінде 1 рет.

5.9.12 Жер асты газ құбырларындағы, газ құдықтарындағы әлеуеттер қауіпсіздік талаптары сақтала отырып, пайдаланушы ұйымның өкілі болған кезде ғана өлшенуі тиіс.

5.9.13 Электр-химиялық қорғау қондырғыларын пайдаланатын кәсіпорын қорғау қондырғыларының жұмысында бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесін әзірлеп жүзеге асыруы тиіс.

5.10 Полиэтилен газ құбырларын техникалық пайдалану ерекшеліктері

5.10.1 Салынған газ құбырын қосуды технологиялық нұсқаулықтар немесе осы Ережелерге, Табиғи газдарды тарату және тұтыну жүйелерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына және орнатылған тәртіппен бекітілген, басқа нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленген карталар бойынша орындау керек.

5.10.2 Салынған полиэтилен газ құбырларын және полиэтилен құбырларын созу әдісімен қайта жаңғыртылған болат газ құбырларын газ (қолданыстағы газ құбырын ажырата отырып) құбырына қосу:

- болат газ құбырларына - полиэтилен болаттың алынбайтын жалғауын пайдалана отырып немесе орнатылған тәртіппен бекітілген басқа әдіспен;

- полиэтилен газ құбырларына – полиэтиленнен жасалған жалғаушы бөлшектерінің, салынатын электр қыздырғышы бар муфтаның көмегімен және орнатылған тәртіппен бекітілген басқа әдіспен жүргізілуі мүмкін.

5.10.3 Қызметтегі газ құбырында қысымды ажыратпай полиэтилен құбырының тармақтарын қосу:

- болат газ құбырларына - полиэтилен болаттың алынбайтын жалғауын пайдалана отырып;

- полиэтилен газ құбырларына – крандардың ершігін қолдана отырып және орнатылған тәртіппен бекітілген басқа әдіспен орындалады.

5.10.4 Салынған немесе қайта жаңғыртылған газ құбырларын қызметтегі газ құбырына енгізу (қосу) үшін орнатылған тәртіппен қолдануға рұқсат етілген, басқа да жалғайтын бөлшектер мен жалғау тораптары (соның ішінде, импорттық өндірістегі) қолданылуы мүмкін.

5.10.5 Барлық жалғайтын бөлшектердің, соның ішінде «полиэтилен-болаттың» алынбайтын жалғаулардың олардың сапасын растайтын құжаты (паспорт, сапа сертификаттары, сәйкестік сертификаты) болуға тиіс.

5.10.6 Полиэтилен газ құбырына болат тармақтарын қосу ұзындығы 0,8 м кем емес болат ендірмелері арқылы жүргізіледі.

5.10.7 Қолданыстағы газ құбырына, соның ішінде синтетикалық мата шлангымен қайта жаңғыртылған, қайта жаңғыртылған газ құбырларын қосу ондағы қысымды азайтпай,

қосудың арнайы механикалық құралдарын пайдалану кезінде жүргізіледі. Бұл ретте, газ құбырын кесу кезінде қайта жаңғыртылған газ құбырының мата шлангына газ жанарғысының тікелей әсер етуіне тыйым салынады.

5.10.8 Трассаларды аралап шығу арқылы полиэтилен газ құбырларына техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстардың құрамы болат газ құбырын пайдалану кезінде орындалатын жұмыс құрамына сәйкес келеді.

5.10.9 Газ құбырларының трассаларын аралап шығу мерзімдері, соның ішінде түрлі әдістермен қайта жаңғыртылған, газ қысымына, пайдалану шарттарына, топырақ ұйықтығына, қызмет мерзімі мен техникалық жағдайына байланысты «Газбен жабдықтау жүйелерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес орнатылады.

5.10.10 Газ құбырларын, соның ішінде қайта жаңғыртылған газ құбырларын аспаптық әдіспен техникалық тексеріп қарау болат газ құбырлары үшін орнатылған мерзімділікпен жүргізіледі.

Газдың шығуын анықтаудан басқа, газ құбырларын техникалық тексеріп қарау кезінде «серік сымының» болуын және болат ендірмелерінің оқшаулау сапасын тексеру қажет.

Аспаптарды қолдану индустриалдық кедергілермен қиындатылған, учаскелерде газдың шығуын айқындау үшін тарату газ құбырларының әрбір 500 м және енгізбе - газ құбырларының әрбір 200 м кемінде 1 бақылаушы шурф ашылуы тиіс, пісірілген жапсарлардың кестесіне сәйкес құбырлардың қосылу жерлерінде болғаны дұрыс.

Шурфтық қарауды орындау үшін мынадай операциялар орындалады:

- дәнекерленген тораптарының саңылаусыздығын жоғары сезгіш газ іздеушісімен тексеру;

- құбыр бетінің және пісірілген жапсарлардың жай-күйін немесе салынатын қыздырғышы бар муфтаны көзбен шолып бағалау.

Өлшем ұзындығынан жасалған газ құбырлары үшін, жапсырманың саңылаусыздығы емес анықталған жағдайда, оны кесіп алып тастау керек және кемшілігі бар жапсырманың әрбір жағына екі жапсырма бойынша көзбен шолып өлшеу және ультрадыбыстық бақылау әдістерімен тексеру керек. Көзбен шолып өлшеу немесе ультрадыбыстық бақылау нәтижелері қанағаттанарлықсыз болған кезінде мынадай шешімдердің бірі қабылданады:

- орнатылған өлшемдерде газ құбырын пайдалануды жалғастыру;
- өлшемдерді шектей отырып газ құбырын пайдалануды жалғастыру;
- жөндеу;
- басқа мақсаты бойынша пайдалану;
- пайдаланудан шығару.

Ұзын құбырлардан жасалған газ құбырлары үшін, жапсырманың саңылаулылығы анықталған жағдайда орауышты дәнекерлеу арқылы оны ауыстыру қажет.

Құбыр бетінің немесе құбырға берілген нормативтік құжаттамамен орнатылған, рұқсат етілген мәндердің шегінен шығатын жанама ақаулықтар анықталған жағдайда, ақаулықты орауышты дәнекерлеу арқылы жою керек.

Техникалық тексеріп қарау нәтижелері бойынша акт жасалады.

5.10.11 Жыл бойы газ құбырының 1 км елді-мекендердің арасындағы құбырларда саны 1 астам және елді-мекен ішіндегі құбырларда саны 2 астам газ шығуы байқалған полиэтилен газ құбырлары кезектен тыс техникалық тексеріп қарауға жатады.

5.10.12 Полиэтилен газ құбырларын ағымдағы жөндеу техникалық қызмет көрсету кезінде анықталған ақаулықтарды жою үшін жүргізіледі. Бұдан басқа, фитинг бетінің жай-күйі және құдықта орналасқан полиэтилен құбырының учаскесі көзбен шолып тексеріледі.

5.10.13 Газ шығуын жою үшін уақытша шара ретінде (бір жұмыс ауысым бойы) майға, бензинге төзімді резинадан, жабысқақ синтетикалық лентадан, балшық бұласырдан немесе қатты қысатын құрылғылардан жасалған нығыздағышы бар металл қамыт пен муфтаны пайдалануға рұқсат етіледі.

5.10.14 Жарық түрінде ақаулықты уақытша жою кезінде оның ұштарын құбыр бетінің бүкіл қалыңдығына дәнекерлеу керек.

5.10.15 Кемшіліктерді жою бойынша жұмыстарды сыртқы ауа температурасы 15 °C төмен емес болған кезде жүргізу рұқсат етіледі. Температура одан төмен болған жағдайда құбырдың қыздыруын жүзеге асыру керек, бірақ 40 °C жоғары емес (мәселен, икемді қыздырғыш бөліктермен және басқа құрылғылармен) немесе арнайы жылытатын модульдерді (шатырларды) пайдалана отырып, жұмыстарды жүргізу қажет.

5.10.16 Газдың шығуы уақытша жойылғаннан кейін полиэтилен газ құбырына топырақ төгуге рұқсат етілмейді.

Сыртқы ауа температурасы 15 °C төмен болған жағдайда газ құбырына жоғарғы құраушы құбырдан биіктігі 0,2 м жоғары топырақ төгу керек.

5.10.17 Ғимараттың астыңғы енгізбелерінде немесе жер үсті шығуларда орнатылған полиэтилен болаттың алынбайтын жалғауларының тораптары жөндеуге жатпайды, егер газдың шығуы немесе механикалық зақымданулар анықталған жағдайда ауыстырылады.

5.10.18 Ақаулықты жапсырмаларды не құбыр учаскелерін ауыстыру ұзындығы 500 мм кем емес орауыштарды дәнекерлеу арқылы жүргізіледі. Диаметрі 500 мм дейінгі құбырлар үшін ұзындығы 200 мм кем емес орауыштарды дәнекерлеуге рұқсат етіледі.

Орауыштарды дәнекерлеу қыспақ әдісімен қыздырылған құрал-сайманмен дәнекерлеу немесе салынатын қыздырғышы бар муфталардың көмегімен жүргізіледі.

5.10.19 Орауыштарды дәнекерлеу кезінде кепілдендірілген сақтау мерзімі шықпаған және сапасын кіріс бақылауынан өткен құбырларды пайдалану қажет. Қыспақ әдісімен дәнекерлеуді және полиэтиленнің түрлі маркаларынан құбырларды пайдалану кезінде дәнекерлеу өлшемдерін 0,3-ден 1,1 г/10 дейін мин шамасында ПТР көрсеткіштері әртүрлі болған жағдайда ПТР ең төменгі мәні бар полиэтилен бойынша таңдау керек. ПТР нормативтік құжаттаманың талаптарына сәйкес өлшейді. Дәнекерленген жапсырма жалғаулары соңғы жапсырма дәнекерленгеннен кейін 24 сағатқа дейінгі уақытта 100 % ультратыңабыстық бақылауға ұшыратылуы тиіс.

Кепілдендірілген сақтау мерзімі шыққан құбырлар мынадай көрсеткіштер бойынша:

- үзіліс кезінде салыстырмалы ұзарту;
- балқытпа аққыштығының көрсеткіші;
- тұрақты ішкі қысымы 20 °C болған кезде және 100 сағат бойы беріктігін сынау көрсеткіштері бойынша олардың шығарылуына нормативтік құжаттама талаптарының сәйкестігін қосымша сынаудың оң нәтижелерінен кейін газ құбырын жөндеу үшін қолданылуы мүмкін.

Газ құбырының ақаулықтары бар учаскелерін жөндеу кезінде бар апаттық қордағы, соның ішінде ПЭ 63 салынған газ құбырлары үшін құбырларды пайдалануға рұқсат етіледі.

Салынатын қыздырғышы бар муфталарды жөндеу үшін пайдалану кезінде дәнекерлеу көрсеткіштері ақпаратты енгізу әдісіне байланысты орнатылады.

МСП 4.03-103-2005 сәйкес қыздырылған құралмен қыспақ дәнекерлеумен бөрене бойынша қабырғасы 5 мм қалың құбырлар мен бөлшектер қосылады.

5.10.20 Полиэтилен болаттың алынбайтын жалғауларының екі торабын дәнекерлеу көмегімен полиэтилен газ құбырларын жөндеуге рұқсат етіледі.

Төмен және орта қысымдағы полиэтилен газ құбырларында SDR 17,6-дағы және SDR 11-дегі, жоғары қысымдағы газ құбырларында SDR 11-дегі полиэтилен құбырларынан жасалған «полиэтилен-болаттың» жалғаулары қолданылады.

5.10.21 Полиэтилен газ құбырларын созу әдісімен қайта жаңғыртылған газ құбырларын жөндеу жеке учаскелермен орындалады.

Учаске ұзындығы газ құбырында орнатылған арматурамен оның шектелуі ескеріле отырып, айқындалады және әдеттегідей, 500 м артық болмауға тиіс.

5.10.22 Газдың шығуын айқындау үшін жоғары сезгіш газ талдағыштарын не газ іздеуіштерін пайдалану қажет.

Қайта жаңғыртылған газ құбырларында газдың шығу орындарын айқындау үшін заманауи робототехниканы пайдалануға болады. Құбырлардың ішкі бетін тексеріп қарау үшін арнайы транспортерлердің немесе тростардың көмегімен құбыр ішінде қозғалатын (орны ауыстырылатын) телекамералар қолданылуы мүмкін.

Полиэтилен газ құбырларын созу әдісімен қайта жаңғыртылған газ құбырларын жөндеу мынадай жұмыс түрлерін қамтиды:

- қазан шұңқырларды даярлау;
- инвентарлық бұқтырмаларды қолданумен қолданыстағы желіден жөнделетін учаскені ажырату;
- полиэтилен газ құбырын алуға арналған футлярдың шетжақтарының ашылып кетуі;
- қамшыны механизацияланған құрылғылардың көмегімен қамыт арқылы құбырда бекітілген троспен созу;
- құбыр бөлігін не бүкіл ауыстырылатын учаскені қолданыстағы газ құбырына салынатын қыздырғышы бар муфтаның көмегімен немесе дәнекерленген жапсар жалғаулар 100 % ультрадыбыстық бақылау кезінде қыспақ әдісімен дәнекерлеу арқылы дәнекерлеу;
- жаңадан салынып жатқан газ құбырлары үшін көзделген, нормалар бойынша полиэтилен қамшыны сынау;
- болат футляры ішінде жөнделген учаскені не жаңа қамшыны созу;
- жөнделген учаске қолданыстағы газ құбырына қосу;
- газдың жұмыс қысымымен «полиэтилен-болат» жалғауларының құрастырылған тораптарында жапсырманың саңылаусыздығын тексеру;
- газды жіберу.

Полиэтилен құбырларының ашық учаскелерінде жөндеу жүргізілгеннен кейін газ құбырының үстінен 0,25 м қашықтығында «газ» деген өшірілмейтін жазуы бар кеңдігі кемінде 0,2 м құрайтын дабыл полиэтилен лентасы төселуі тиіс.

МСП 4.03-103-2005 сәйкес полиэтилен құбырларының ашық учаскелерінде жөндеу жүргізілгеннен кейін себілген газ құбырының үстінен 0,2 м қашықтықта өшпейтін бояумен «Абайлаңыз! Газ!» жазуы бар кеңдігі 0,2 м кем емес сары түсті пластмасса лента салынуы тиіс.

5.10.23 Басқа әдістермен қайта жаңғыртылған, газ құбырларына жаңа учаскені дәнекерлеу арнайы әзірленген технологиялық картаға сәйкес жүргізіледі.

5.10.24 Жөндеу үшін газ құбырын ажыратуда қысып тастайтын құрылғылар қолданылады.

5.10.25 Құбырды қысу орны траншеяның шұңқырында болуға тиіс. Статистикалық электрдің әсерін болдырмау үшін құрғақ топырақ болған жағдайда шұңқырға су құю керек. Жөндеу жүргізілгеннен кейін қысу орны салынатын электр қыздырғышы бар муфтамен не қамытпен күшейтілуі тиіс.

Газ құбыры бір жерде 1 реттен көп қысылмау керек.

Құбыр айналасы оралған, ылғалды лента түрінде жерге қосылған өткізгішті пайдалануға болады.

5.10.26 Газдың шығуы анықталған жағдайда құбырды жер деңгейінен бастап жуғыш құралдың сұйық ерітіндісімен ылғалдау керек. Қоршаған ортаның температурасы 0 °С төмен болған кезде лентаның икемділігін сақтау үшін глицеринді суға қосып, ылғалды лентаны орау керек. Лентаны жерде бекітілген металл штифт көмегімен жерге қосу керек.

5.10.27 Статикалық электрдің разрядын жою мақсатында жөнделетін учаскені үрлеп тазарту тек жерге қосылған полиэтилен газ құбырында ғана орындалуы мүмкін.

5.10.28 Күрделі жөндеу қажеттілігі газ құбырының нашар жағдайы анықталған жағдайда пайдалану процесінде орнатылады («полиэтилен-болаттың» жапсырма мен жалғауларын бұзу, механикалық зақымданулар, газ құбырындағы жарамай қалған құрылыстары және т.б.). Күрделі жөндеуді тағайындау техникалық тексеріп қарау нәтижелерінің негізінде іске асырылады.

5.10.29 Полиэтилен газ құбырларын күрделі жөндеу газ құбырының жеке учаскелерінде жарамсыз қалған құбырлар мен жапсырмаларды, «полиэтилен-болаттың»

жалғау бөлшектерін және жалғау тораптарын немесе газ құбырлары учаскелерін ауыстырудан тұрады.

5.10.30 Полиэтилен құбырларын созу әдісімен қайта жаңғыртылған, газ құбырларын күрделі жөндеу жарамсыз болған полиэтилен құбырларын жоюдан тұрады және ағымдағы жөндеу кезінде орындалады.

5.10.31 Қайта бейімделген полиэтилен құбырларын созу әдісімен қайта жаңғыртылған газ құбырларын күрделі жөндеу бүкіл қайта жаңғыртылған учаскені жоюдан және оны жаңа құбырға ауыстырудан тұрады.

5.10.32 Синтетикалық мата шлагын және екі компонентті желімді пайдаланумен қалпына келтірілген, газ құбырларын күрделі жөндеу газ құбырының учаскелерін ауыстырудан тұрады.

Күрделі жөндеу кезінде техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу кезінде көзделген, барлық жұмыс түрлері жүргізіледі.

5.10.33 Газ құбырының трассаларын іздеуді, егер оны белгілеу үшін оқшауланған мыс не алюминий сым қолданылған болса, АНПИ не ұқсас үлгідегі аспаппен орындау керек.

5.10.34 МСП 4.03-103-2005 сәйкес күрделі жөндеу жүргізілгеннен кейін себілген газ құбырының үстінен 0,2 м қашықтықта өшпейтін бояумен «Абайлаңыз! Газ!» жазуы бар кеңдігі 0,2 кем емес сары түсті пластмассалық лента салынуы тиіс.

5.10.35 Полиэтилен және қайта жаңғыртылған газ құбырларын күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар туралы деректер газ құбырының эксплуатациялық паспортына жазылады.

5.10.36 Қайта жаңғыртылған құбырларды қоса алғанда, полиэтилен газ құбырларындағы апаттық-қалпына келтіру жұмыстары орнатылған тәртіппен бекітілген, апаттарды оқшаулау және жою жоспарларына сәйкес орындалады.

5.10.37 Газ құбырының қар-мұз, кристал-гидраттық, қарамаймен бітелген жерлері:

- оның төмендеген орындарында, сондай-ақ жергілікті кедергілер бар жерлерде (бұрылыс, тар жер және т.б.) газ құбыры трассасының рельефі бойынша;

- газ құбырындағы ең жақын алынатын жалғаудан (мәселен, құдықтан) бітелген жерге пластикалық әйнектен жасалған өзек («Кобра» үлгісі) тірелгенше айқындалады. Тірелгенше итерілетін өзектің ұзындығы бойынша оның орналасқан жері нақтыланады.

5.10.38 Полиэтилен газ құбырында қар-мұз, кристал-гидраттық, қарамаймен бітелген жерлерін жою үшін:

- полиэтилен химиялық жағынан төзімді болатын органикалық спирт-ерінділері құйылады;

- бітелген жерлерді бумен, икемді қыздырғыш құралдармен жылыту немесе құм қабаты арқылы инфрақызыл жанғыштармен қыздыру. Құмды қыздыру температурасы 80 °C аспау керек;

- газ құбырын ысқышпен кесіп қою;

- ТК, орнатылған тәртіппен бекітілген нұсқаулықтар бойынша басқа әдістер.

5.10.39 Синтетикалық мата шлангын және екі компонентті желімді қолданумен қайта қалпына келтірілген, газ құбырларындағы апаттық-қалпына келтіру жұмыстары арнайы әзірленген нұсқаулық бойынша жүргізіледі және мынадай негізгі жұмыс түрлерін қамтиды:

- зақымдалған учаскені ажырату;

- үрлеп тазарту;

- орауыштарды кесіп алу үшін ауыз кергішті орнату үшін зақымданған жерде терезені бұрғылап тесу;

- ауыз кергіштің саңылаусыздығын (шамот балшықпен шардың кірпіш қабырғасын) тексеру;

- зақымданған учаскелерде орауыштарды кесіп алу, ауыз кергіштің шеті бойынша кесіп алу кезінде суланған шүберектен жгут болуға тиіс.

Терезесі бар жаңа орауышты кесіп салу кері тәртіппен жүргізіледі.

5.10.40 Осы кіші тараумен реттелмейтін, полиэтилен газ құбырларын техникалық пайдалану бойынша жұмыстар болат газ құбырлары үшін көзделген, жұмыстарға ұқсас орындалады.

5.11 Газ реттеуші пункттер (ГРП) және газ реттеуші қондырғылар (ГРҚ). ГРП және ГРҚ пайдалану жөніндегі жалпы нұсқаулар

5.11.1 Стационарлық, шкафтық және блоктық ГРП, сондай-ақ пайдалануға берілген ГРҚ эксплуатациялық журналда ескеріледі.

Әрбір ГРП және ГРҚ эксплуатациялық паспорт жасалады, онда ауыстыру себептерін көрсете отырып, жабдықты не жеке тораптар мен бөлшектерді ауыстырумен жұмыстар туралы мәліметтер жазылады.

Газдың жұмыс өлшемдері (қысым, температура, сүзгіштегі қысымның күрт ауысуы және т.б.), сондай-ақ ГРП және ГРҚ қызмет көрсету бойынша барлық орындалған жұмыстар эксплуатациялық журналда жазылуы тиіс. Журналда анықталған бұзушылықтар мен ақаулықтар, сондай-ақ оларды жою үшін қабылданған, барлық шаралар көрсетіледі. Стационарлық не блоктық ГРП эксплуатациялық журналы ГРП бөлмесінде, шкафтық ГРП – пайдаланушы ұйымның тиісті қызметінде, ГРҚ – кәсіпорынның газ қызметінде сақталады.

5.11.2 Сақтандыру клапандары, соның ішінде қысымның реттеуіштеріне салынған клапандар Табиғи газдарды тарату және тұтыну жүйелерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес ретке келтіру және іске қосу шектерін қамтамасыз ету керек.

5.11.3 ГРП не ГРҚ-дағы газдың шығуын, сондай-ақ газдың шығу қысымының өздігінен артуы мен түсуін АДҚ қызметкерлері және пайдаланушы ГРП қызметінің жұмыскерлері жояды.

5.11.4 ГРП-дан газ беру тоқтатылған жағдайда қысымды реттегішін жұмысқа қосу сақтандырғыш бекіту клапанның іске қосылу себептері анықталған кейін және ақаулықтарды жою бойынша шараларды қабылданғаннан кейін жүргізіледі.

5.11.5 ГРП және ГРҚ пайдалану кезінде мынадай жұмыс түрлері жүргізіледі:

- техникалық қарау (техникалық жай-күйін қарау);
- техникалық қызмет көрсету – ГРП; ГРҚ пайдалану журналында жазба жасау, 6 айда кемінде 1 рет;
- ағымдағы жөндеу – акт толтырылып, 12 айда кемінде 1 рет, егер газ жабдығын өндірушінің құжаттамасында басқа мерзімдер орнатылмаса;
- акт толтырылып, 2 айда кемінде 1 рет сақтандырғыш бекіту және түсіру клапандарының іске қосылу өлшемдерін тексеру, сондай-ақ жабдықты жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін;
- күрделі жөндеу – жабдықты, өлшем құралдарын ауыстыру қажет болған жағдайда;
- ГРП ғимаратының, жылу беру, желдету, жарықтандыру жүйелерін күрделі жөндеу – тексеріп қарау мен ағымдағы жөндеу нәтижелері бойынша жасалған ақаулық ведомость негізінде;
- жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін саңылаусыздығын тексеру үшін редуциялау линиясын бақылаушы нығыздау.

5.12 ГРП және ГРҚ тексеріп қарау және техникалық қызмет көрсету

5.12.1 ГРП техникалық тексеріп қарау пайдаланушы ұйым орнатқан мерзімдерде арнайы жабдықталған автокөлікпен аралап қарау не айналып өту арқылы жүргізіледі.

5.12.2 Телемеханизацияланған ГРП және телемеханизацияланғандармен бір жүйеде істейтін, бірақ телемеханизацияланбаған ГРП техникалық тексеріп қарау телемеханика жүйелерін пайдалану бойынша арнайы нұсқаулықпен анықталатын мерзімдерде, бірақ айына кемінде 1 рет жүргізіледі.

5.12.3 ШРП өнімділігі $50 \text{ м}^3/\text{с}$ дейін болған кезде техникалық тексеріп қарау техникалық тексеріп қараумен бір уақытта жылына кемінде 1 рет жүргізілуі мүмкін.

5.12.4 Жылу беру кезеңінде ГРП әрбір аралап қарау кезінде жылытылатын үй-жайдың ішіндегі ауа температурасын тексеру қажет және қажет болған жағдайда – ГРП жылу беру жүйесінің жұмыс тәртібін өзгерту қажет.

5.12.5 ГРП техникалық қызмет көрсету Табиғи газдарды тарату және тұтыну жүйелерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарымен орнатылған мерзімдерде жүргізіледі.

5.12.6 ГРП техникалық тексеріп қарау және техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстардың құрамы Табиғи газдарды тарату және тұтыну жүйелерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарымен орнатылады.

5.12.7 Техникалық қарау және техникалық қызмет көрсету кезінде айқындалған газдың шығуы туралы АДҚ дереу хабарлау керек және апаттық бригада келгенше газдың шығуын өз бетінше жою және апаттардың алдын алу бойынша ықтимал шараларды қабылдау керек.

5.13 ГРП және ГРҚ ағымдағы жөндеу

5.13.1 ГРП, ГРҚ жабдығын ағымдағы жөндеу инженерлік-техникалық қызметкердің басшылығымен (наряд-рұқсаттама бойынша) газ қауіпті жұмыстарға рұқсатымен, құрамында кемінде 2 адам бар бригада жүргізеді.

5.13.2 Өнімділігі $50 \text{ м}^3/\text{с}$ астам ГРП ағымдағы жөндеу кезінде:

- техникалық тексеріп қарау жұмыстары;
- тығын және реттеуші арматураның және сақтандырғыш клапандарының жұмыс қабілетін тексеру;
- барлық жалғаулардың саңылаусыздығын және арматураны аспаппен тексеру, газдың шығуын жою, сүзгішті тексеріп қарау және тазарту;
- қысымды реттегіштің мембраналарының тығыздығы мен сезінгіштігін анықтау және басқару;
- импульсті түтіктерді бақылау-өлшеу аспаптарына, сақтандырғыш бекіту клапанына және қысымды реттегішке үрлеу;
- тығынды және түсіретін клапандарды реттеу өлшемдерін тексеру;
- қысымды реттегіштерді, сақтандырғыш клапандарды, оларды тоттану мен ластардан тазарта отырып бөлшектеу, клапандардың тұғырға қатысты тығыздығын, мембраналардың жай-күйін тексеру, үйкелетін бөліктерді майлау, тозған бөліктерді жөндеу немесе айырбастау, бөлшектеуге жатпайтын құрастырма тораптарының сенімді бекітілгенін тексеру;
- жабудың саңылаусыздығын қамтамасыз етпейтін тығын арматурасын бөлшектеу;
- түтін шығаратын ауыздарды тексеру және тазарту (жылу беру маусымының алдында);
- желдету жүйесінің жай-күйін тексеру;
- жылыту жүйесін жөндеу (қажет болған жағдайда нығыздау, бұранда жалғауларының герметизациясы, радиаторлар мен газ құбырының учаскелерін ауыстыру, жөндеу, бекіту, бояу, арматураны ауыстыру және жөндеу және т.б.), соның ішінде жылу беру қондырғысын - жылына бір рет жылу беру маусымының алдында;
- желдету, жарықтандыру жүйелерін және телефонды жөндеу – дереу, ақаулықтар анықталған бойда;
- ГРП ғимаратын жөндеу (құлап қалған сылақтың кейбір жерлерін қалпына келтіру, терезедегі сынған әйнектерді ауыстыру, шатырдың кейбір учаскелерін ауыстыру, қабырғаларды ақтау және бояу);
- ГРП найзағайдан қорғау жүйесінің тоқты бұрушылары мен найзағай қабылдағыштарын бояу (қажет болған кезде);
- ГРП найзағайдан қорғау жүйесінің жерге қосылғыштарының кедергісін өлшеу – 3 жылда кемінде 1 рет.

5.13.3 Өнімділігі 50 м³/с дейінгі ШРП ағымдағы жөндеу кезінде техникалық тексеріп қарау және техникалық қызмет көрсету нәтижесінде анықталған ақаулықтар жойылады.

5.13.4 Жабдықты реттеу мен тексеруден және барлық ақаулықтар жойылғаннан кейін газдың жұмыс қысымы кезінде барлық жалғаулардың саңылаусыздығын аспаппен тексеру қажет. Газдың шығуы айқындалған жағдайда оны дереу жоюға шаралар қабылданады.

5.14 ГРП және ГРҚ күрделі жөндеу

5.14.1 Күрделі жөндеу үшін ГРП және ГРҚ іріктеу техникалық тексеру және ағымдағы жөндеу нәтижелері бойынша құрылған ақаулық ведомосі негізінде жүргізіледі.

5.14.2 ГРП және ГРҚ күрделі жөндеу жұмыстарына:

- көнерген не тозған жабдықты не оның жеке бөлшектерін жөндеу және ауыстыру;
- ғимаратты және оның инженерлік жабдығын (жарықтандыру, желдету, жылу беру, түгін шығару жүйелерін) жөндеу;
- кірпіш қалауды жөндеу, қабырғаларды жаңадан сылау мен бояу, еденді жөндеу, рамалар мен есіктерді ауыстыру және жөндеу, шатырды толық жөндеу және ауыстыру, төселетін қабатты салып асфальттық жиектерді жөндеу, жылыту аппараттарын ауыстыру, сондай-ақ найзағайдан қорғаудың жерге қосылғыштарын ауыстыру;
- блоктық және шкафтық ГРП шкафтарын, көнерген және тозған жабдықты не қажет болған кезде оның жеке тораптары мен бөліктерін жөндеу не ауыстыру.

5.14.3 ГРП және ГРҚ күрделі жөндеу алдын газ құбыры мен жабдығындағы газ қысымы атмосфералық қысымға дейін төмендетілуі тиіс, шам арқылы ауамен үрлеп тазартылуы тиіс.

5.14.4 Жабдықты бөлшектеу кезінде ГРП және ГРҚ реттеу линиясындағы ажырату құрылғылары жабық күйінде болуға тиіс. Ажыратылған учаскенің шетінде ажырату құрылғыларынан кейін газдың барынша қысымына сәйкес келетін, инвентарлық бұқтырмалар қойылуы тиіс.

5.14.5 ГРП электр жабдығын жөндеу және күйіп кеткен электр шамдарды ауыстыру бойынша жұмыстар кернеуден ажыратылған кезде жүргізілуі тиіс. Табиғи жарық жеткіліксіз болған кезде жарылыстан қорғалған түрде тасымалданатын шамдарды қолдануға рұқсат етіледі.

5.15 ГРП орама желісіне (байпас) және қайтадан редуциялаудың негізгі желісіне ауыстыру

5.15.1 ГРП байпасқа ауыстыру кезінде жұмыстар мынадай тәртіппен орындалады:

- тілді «0» түсіру арқылы шығу қысымын көрсететін шығуда орнатылған манометрді тексеру;
- шамдағы кранды жауып, манометр бойынша орама желісінің тығын арматурасының саңылаусыздығын тексеру;
- газ барысы бойынша байпастағы екінші ажырату құрылғысының (жапқыштың) барысы мен жұмысын (жабу саңылаусыздығын) тексеру, содан кейін бұл жапқышты жабу. Егер жапқыш саңылаусыздықты болса, газ барысы бойынша байпастағы бірінші ажырату құрылғысының барысы мен жұмысын (жабу саңылаусыздығын) тексеру, содан кейін бұл жапқышты (кранды) жабу;
- шығардағы қысымды манометр бойынша бақылай отырып, газ барысы бойынша бірінші, байпастағы ажырату құрылғысын ашу;
- бекітілген бөліктен соққы механизмін алып, ПЗК ашық күйінде қалдыру;
- реттегішпен газдың шығу қысымын 10 % азайтып басқару блогының реттеуші винтімен (сағат тіліне қарсы бұрап) бұрау, газ барысы бойынша, байпастағы екінші ажырату құрылғысын (жапқышты) ақырын ашып шығарда манометр бойынша оны бақылап,

реттегішпен оны жұмысқа дейінгі қысымына көтеру. Операцияларды газ қысымының реттегіші толық тоқтағанша жүргізу;

- жұмыс қысымының мөлшерін үнемі бақылап оны байпастағы жапқыштың көмегімен шығарда манометрдің көрсеткіштері бойынша рұқсат етілген нормалардың шегінде ұстап тұру;

- редуциялаудың негізгі желісінің кіруі мен шығуында жапқыштарды жабу, ПЗК импульсты желілеріндегі кранды және реттегішті жабу;

- шебер ПЗК импульсты желілеріндегі крандардың және реттегіштердің жабылуын тексеру керек және жұмыс басталғанша – газ шығарда манометрдің импульсті желісінде кранды ашу;

- редуциялаудың негізгі желісінің жапқыштарының арасында шам арқылы газ құбырынан газды түсіру;

- мынадай тәртіппен ГРП ажыратылатын желісінің шеттерінде орналасқан, жабық жапқыштардың саңылаусыздығын тексеру: үрлеу шамдарын жабу және 10 минут бойы сүзгіштің бекіткішінде орнатылған, манометрдің көрсеткіштерін бақылау;

- ажыратылатын желінің шеттерінде орналасқан, ажырату құрылғыларының ішкі фланцтарында бұқтырмаларды орнату. Егер манометр бойынша қысым көтерілмесе, онда бұқтырмалар газдың жабылу саңылаусыздығын қамтамасыз етеді, бұл жағдайда ажыратылатын желінің шеттерінде бұқтырмалар орнатылмауы да мүмкін;

- егер газ жабдығына техникалық қызмет көрсету басқа ГРП сақиналанған ГРП-да орындалатын болса, онда газды беруді байпасқа қайта қосу мүлде жүргізілмеуі мүмкін, егер сақиналанған ГРП жағынан желіде газдың ең аз қажетті қысымы қамтамасыз етілген болса;

- пайдалану журналында жазба жасау керек.

5.15.2 Байпастан редуциялаудың негізгі желісіне өту мынадай реттілікпен жүргізіледі:

- басқару реттегіштің реттеуші винті (пилот) бұрап ашылғанын тексеру, импульстық линиялардағы крандарды ашу;

- егер олар орнатылған болса, ажыратылған линияның шеттерінде орнатылған бұқтырмаларды алып тастау және алынатын жалғауларды жинау;

- оны соққы механизмінде тіркеп, сақтандырғыш-тығын клапанын орнату;

- реттегіштің алдындағы жапқышты ақырын ашу;

- шығардағы манометрдің көрсеткіштерін бақылап, реттегіштен кейін шығу жапқышын ашу;

- байпастағы ажырату құрылғысын (жапқышты) ақырын жауып, ГРП шығардағы газ қысымын жұмыс қысымынан 10 % төмендету және реттегіштің реттеуші винттерін (пилот) баяу бұрап газ қысымын жұмыс қысымына дейін қалпына келтіру. Операцияларды байпастағы ажырату құрылғысы толық жабылғанша жүргізу;

- байпастағы газ барысы бойынша бірінші ажырату құрылғысын жабу және үрлеу шамы арқылы ажырату құрылғыларының арасындағы газды түсіру;

- шамға кранды жауып, манометр бойынша орама желісінің тығын арматурасының саңылаусыздығын тексеру;

- ГРП шығардағы манометрдің көрсеткіштері бойынша реттегіштің тұрақты жұмысын тексерген кейін, ПЗК соққысын жұмыс қалпына келтіру;

- ПЗК және ПСК тексеруді және реттеуді жүргізу.

5.16 ГРП және ГРҚ реттегішін іске қосу және тоқтату

5.16.1 Реттегішті іске қосу мынадай реттілікпен жүргізіледі:

- орама желісінің (байпас) ажырату құрылғысының жабылу тығыздығын тексеру;

- басқару реттегішінің реттеуші винтін бұрау;

- реттегіштің импульсті трубкасының кранын ашу;

- ПЗК импульстық трубкадағы кранды жабу;

- ГРП және ГРҚ шығу жапқышын ашу;

- ПЗК клапанын көтеру, клапанды ашық күйінде ұстап тұру үшін тетіктерді іске қосу;
 - кіру жапқышын ақырын ашу;
 - басқару реттегіші серіппесінің винтін бұрап талап етілетін режимге сәйкес манометр бойынша қысымды орнату;
 - манометр көрсеткіші бойынша реттегіштің тұрақты жұмысын тексеріп, ПЗК импульстік трубкасындағы кранды ашу, жүк тетігінің клапан тетігімен қосылуын іске қосу;
 - ПЗК және ПСК тексеруді және реттеуді жүргізу. Төмен қысымдағы өлшемдерді реттеу қол ауа сорғышының немесе қысылған ауамен баллонның көмегімен орындайды. Жоғары қысымдағы көрсеткіштерді реттеу жоғары қысымдағы газ құбырынан реттегішке дейін газ импульсінің көмегімен орындалады;
 - ГРП редукциялау желісінің саңылаусыздығын нығыздаумен тексеру;
 - эксплуатациялық журналға ГРП іске қосу уақытын, ПЗК және ПСК реттеу өлшемдерін, жұмыстарды жүргізу үшін жауапты тұлғаның аты-жөнін жазу;
- 5.16.2 Реттегішті тоқтату мынадай реттілікпен жүргізіледі:
- ГРП не ГРҚ кіру жапқышын жабу;
 - ПЗК клапандарының жалғау тетіктерін қосылудан шығару; клапан тарелкасын ершікке түсіру;
 - басқару реттегішінің реттеуші винтін бұрау;
 - ГРП не ГРҚ шығу жапқышын жабу;
 - қысым реттегішінің импульстік трубкаларында және сақтандырғыш-тығын клапанының крандарын жабу;
 - газ құбырынан үрлеу шамы арқылы атмосфераға кіру және шығу жапқыштарының арасындағы газды шығару;
 - реттегіш 48 сағаттан астам мерзімге тоқтатылған жағдайда ГРП не ГРҚ жабдығы жағынан кіру және шығу жапқыштарының фланцтік жалғауларында бұқтырмаларды орнату;
 - реттегішті тоқтату уақытын эксплуатациялық журналға жазу.

5.17 ГРП ғимараттарын пайдалану

5.17.1 ГРП ғимараттары лицензиясы бар жобалау ұйымы орындаған жобаға сәйкес келуге тиіс.

5.17.2 ГРП ғимаратында А-санаттағы үй-жайларды көрсететін тақтайша болу керек.

5.17.3 ГРП пайдалану кезінде:

- ғимараттың А-санаттағы үй-жайларында терезе және есік ойықтарын тақтайлармен не басқа материалдармен қағып тастауға;
- ГРП ішінде жұмыстарды жүргізу кезінде есікті жабуға тыйым салынады және 1 адам ГРП-дан тыс слесарьлардың жұмысын қадағалауға тиіс.

5.17.4 ГРП техникалық қызмет көрсету кезінде:

- құрылымдардың (қабырғалар, қалқалар, мұнаралар, жабу балкалары, балкалар мен жабу плиталарының, мұнаралар мен қабырғалардың және т.б. арасындағы тесік жерлерін, сондай-ақ коммуникациялардың өтетін жерлері үшін тесік жерлерді жабу) жай-күйіне қадағалауды жүргізуге;
- конструкциялардың газ өтпеу жағдайының қамтамасыз етілуін тексеру;
- еденнің, терезелердің, есіктер мен қақпалардың ұшқын бермейтін жабынының жағдайын тексеру;
- олардың қисайған жерлерін, тот басуға қарсы жабынның бұзушылықтарын және басқа да ақаулықтарды анықтау мақсатында тіреуіштер мен газ құбырларының жай-күйін тексеру;
- шатырдың жеңіл тасталатын учаскелерін қарау және уақытында қар мен мұздан тазарту керек.

5.17.5 ГРП ғимаратының жанындағы аумақ, автокөлік жолдары бөтен заттардан, басқа материалдардан және түрлі қоқыстан тазартылуы тиіс. Өту жолдары мен өткелдерді бөгеуге (үйіп тастауға) тыйым салынады.

5.17.6 Жөндеу-құрылыс жұмыстары ғимараттың жоспарлы-алдын ала жөндеу кестесіне сәйкес, сондай-ақ пайдалану қауіпсіздігіне ықпал ететін, ақаулықтарды айқындау кезінде орындалады.

5.17.7 Кесте ғимараттың құрылыс құрылымдарын жөндеудің мынадай түрлерін орындау көлемдері мен мерзімдерін айқындайды:

- ғимараттың сыртқы фасадын ақтау;
- едендерді жөндеу;
- терезе және есік ойықтарын бояу;
- ғимараттың шатыры мен карниздарын жөндеу;
- ішкі қабырғаларды сылау және ақтау;
- ғимарат айналасындағы жиектерді жөндеу.

5.18 Газ құбырындағы тығын арматурасына техникалық қызмет көрсету

5.18.1 Тығын арматурасына техникалық қызмет көрсету пайдалану ұйымының басшылығы орнатылған тәртіппен бекіткен кестесіне сәйкес жүргізіледі.

5.18.2 Жер үсті және жер асты газ құбырларында орнатылған, тығын арматурасына техникалық қызмет көрсету кезінде мынадай жұмыс түрлері орындалады:

- ластар мен тот басудан тазарту;
- қисайған, сынған, жарылған, тот басқан жерлерді және басқа да ақаулықтарды айқындау үшін сыртқы қарау (көзбен шолып қарау);
- дәнекерленген, бұрандалған, фланцтік жалғаулар мен сальниктік нығыздағыштардың саңылаусыздығын арнайы аспаптармен (газ индикаторлар не газ талдағыштар) тексеру;
- фланцтік жалғаулардағы газ шығуын болттарды қатты бұраумен не төсеніштерді ауыстырумен жою, жаңа төсеніштерді орнату алдында фланцтарды тазарту;
- сальниктағы газ шығуын сальникті қатты бұраумен не сальниктік толтырғышты ауыстырумен жою. Сальникті бұрау кезінде ілмекті болттармен басылатын буксаның тартылуы біркелкі жүргізілуі тиіс. Болттарды біржақты тарту букса фланцының сынуына әкелуі мүмкін. Сальниктің қатты тартылмағанын қадағалау керек, себебі бұл шпиндельдің майысуына және жапқыштың жұмыстан шығуына әкелуі мүмкін;
- жапқыштағы бұрамдықты тарату және қажет болған жағдайда оны (газ құбырының толық жабылуына жол бермей) майлау;
- жапқыштардың қосылу құрылғысының жұмыс қабілетін тексеру.

Құдықта орнатылған арматураға техникалық қызмет көрсету кезінде қосымша мынадай жұмыс түрлері орындалады:

- газ құдықтары қақпақтарының және құдықтарының жағдайын газдылыққа тексеру;
- құдықтан суды айдау (қажет болған жағдайда);
- шунттаушы электромандайшалардың, газ құбыры футляры нығыздағыштары жағдайының, құдықтар құрылымдарының, қапсырмалар мен баспалдақтың болуын және жарамдылығын тексеру.

5.18.3 Құдықта жұмыстарды жүргізетін бригадалардың жеке қорғану құралдары болуға тиіс.

Құдықтағы арматураға техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар мынадай реттілікпен жүргізіледі:

- құдық қақпағын ластан, қардан, мұздан тазарту жүргізіледі;
- тавот не солидол жағылған ілгішпен құдық қақпағы көтеріледі, оның астына ағаш төсеніш салынады;
- құдық газдылыққа газ талдағышпен тексеріледі;

- құдық газдылыққа тексерілгеннен кейін құдық қақпағы толығымен ашылады және оның желдетілуі және газдылыққа қайта тексеру жүргізіледі;

- қажет болған жағдайда құдықтан суды айдау іске асырылады;

- газдылық болмаған жағдайда құтқару арқанмен құтқару белбеуіндегі жұмыскерлердің бірі құдыққа түседі. Бригаданың жер үстіндегі мүшелері құдықтағы жұмыскердің құтқару белбеуінен арқанның ұшын ұстауға және оған үнемі бақылауға жүргізуге тиіс. Құдықта газ айқындалған жағдайда жұмыскер жұмыстарды басқаратын адамның рұқсатымен құдыққа противогазбен түсуі тиіс. Өздігінен тұтанудың төменгі шегінен 20 % астам, газдың қауіпті концентрациясы кезінде құдыққа түсуге тыйым салынады;

- құдықтағы жұмысшы арматураның жай-күйін көзбен шолып қарайды, техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындайды, сабын эмульсиясымен не арнайы аспаптармен жалғаулар мен арматураның саңылаусыздығын тексереді;

- арматурада газдың шығуы, жарылған, қисайған жерлері және басқа да елеулі зақымданулар айқындалған жағдайда құдықтағы жұмыстар тоқтатылады. Газдың шығуын және ақаулықтарды жою зақымдану сипатына (төмен қысымдағы жапқыш сальнигінен және өзі майланатын краннан газдың шығуы есептелмейді, оларды сальникті қайта салумен және кран винті астына майды қосумен жоюға болады) байланысты қауіпсіздік шараларын көздейтін басқа наряд бойынша жүргізіледі.

5.18.4 Құдықсыз, кілемнің астына топырақта орнатылған шар кранына техникалық қызмет көрсету кезінде мынадай жұмыс түрлерін орындау керек:

- кілем қақпағының және кілем жиектерінің жай-күйін тексеру;

- кілемнен суды айдау (қажет болған жағдайда);

- болтты (сапун) шамалы ашу арқылы кран штогының қақпағында газ шықпауын тексеру;

- кран штогының қақпағын алып тастау және бұл ретте кранның толық жабылуына жол бермей, «ашық-жабық» жағдайындағы кран жұмысын тексеру;

- жетек құрылғысының жарамдылығын тексеру.

5.18.5 Ішкі газ құбырларының тығын арматурасына техникалық қызмет көрсету кезінде мынадай жұмыс түрлері орындалады:

- ажыратудағы кранды майлау;

- дәнекерленген, бұрандалған және сальниктік нығыздағыштардың саңылаусыздығын сабын эмульсиясымен не арнайы аспаптармен тексеру;

- газ шығуы айқындалған жағдайда конустық созып кигізілетін кран қақпағының тартылуын бұрау;

- газдың шығуы айқындалған жағдайда сальниктік нығыздағышты тарту.

5.18.6 Тұрмыстық газ пайдаланушы жабдықтың алдына орнатылған кранды майлау мынадай тәртіппен орындалады:

- пәтерге енгізбе құбырындағы кран (егер ол болған жағдайда) жабылады. Әрбір тұрмыстық аспап, аппарат алдындағы крандар жабылады. Фрамуга, терезелерді, желдеткіштерді ашу есебінен үй-жайдың желдетілуі қамтамасыз етіледі. Бөтен адамдар үй-жайдан шығарылады;

- жанғыш арқылы ажыратылған аспаптағы, аппараттағы газдың қалдықтары жағылады;

- аспап алдындағы кран бөлшектеледі, оның қақпағы алынады;

- пәтерге енгізбе құбырында кран болмаған жағдайда алынған қақпақтың орнына инвентарлық қақпақ не құрғақ ауыз кергіш салынады;

- қақпақ жұмсақ шүберекпен ескі майдан тазартылады және жұқа қабатпен май жағылады;

- краннан ауыз кергіш алынады, кран беті ескі майдан тазартылады, майланған қақпақ салынады, кран жиналады, қақпақ барысының жатықтығы тексеріледі;

- пәтерге енгізбе құбырындағы кран ашылады;

- сабын эмульсиясының не газ индикаторының көмегімен кран саңылаусыздығы тексеріледі, аспаптар мен аппараттардың жанғыштары жағылады.

Диаметрі 50 мм дейінгі ішкі газ құбырларындағы крандарды майлау үй-жайға газдың кіруіне жол бермейтін, арнайы аспаптар қолданыла отырып, газдың болуымен жүргізуге рұқсат етіледі.

Ажыратуда (кіреберіс) орнатылған кранды майлау мынадай тәртіппен орындалады:

- аға жұмысшы кранды бөлшектейді. Екінші жұмысшы (оның көмекшісі) инвентарлық қақпақты дайын ұстайды;

- бригадир жұмыс қақпағын алып тастайды, инвентарлық қақпақты ашық күйінде салады (тұтынушыларға газ беруді тоқтатуға жол бермеу үшін). Қажет болған жағдайда кран суланған шүберекпен нығыздалады;

- көмекші жұмыс қақпағын құрғақ шүберекпен сүртеді, оның жай-күйін қарайды және жұқа қабатпен май жағады;

- көмекші бригадирге дайын жұмыс қақпағын береді, ол инвентарлық қақпаны жұмыс қақпағына (дәл сол ашық күйінде) тез ауыстырады;

- бригадир қақпақтың кранға жалғануын бекітеді, қақпақтың айналуын және шектеуіштің дұрыс күйін тексереді;

- жалғаудың және кран айналасындағы жалғаулардың (олар жұмыс кезінде босап қалуы мүмкін) саңылаусыздығы сабын эмульсиясын жағу арқылы тексеріледі;

- үй-жай не жұмыс орны жақсылап желдетіледі.

Кіреберістегі крандарды майлау кезінде кіреберістің барлық қабаттарында газдылықтың болмауын тексеру керек.

Енгізбе мен тіреушелердегі крандарды майлау тұтынушыларды ажыратуды қарастырмайтынын ескеру керек, сондықтан инвентарлық қақпақ және жұмыс қақпағын корпуска орнату кезінде ашық күйінде болуға тиіс.

Жұмыстарды жүргізу кезінде барлық терезелерді ашу арқылы кіреберістің (баспалдық клеткасының) барынша желдетілуін қамтамасыз ету керек, абоненттерді сақ болу қажеттілігі туралы ескерту керек және жұмыс орнының жанында бөтен адамдардың және өздігінен тұтану көздерінің пайда болуына жол берілмеу керек.

5.19 Тығын арматурасын ағымдағы жөндеу

5.19.1 Ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар құрамында кемінде екі жұмысшы бар бригадамен орындалуы тиіс. Ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстарды орындау кестелері пайдаланушы ұйымның техникалық басшылығы орнатылған тәртіппен бекітіледі.

5.19.2 Сыртқы және ішкі газ құбырларының арматурасын ағымдағы жөндеу кезінде техникалық қызмет көрсету кезінде орындалатын барлық жұмыстарды жүргізу керек және:

- техникалық қызмет көрсету кезінде айқындалған ақаулықтарды жою;

- тозған және зақымданған бекіту болттарын ауыстыру (болттарды ауыстыру кезінде жалғаудың диаметр бойынша бір-біріне қайшы болттарын екіден ауыстыру тәртібін сақтау керек);

- жапқыштардың қосылу құрылғысын жөндеу;

- газ арматурасын бояу (қажет болғанда) керек.

5.19.3 Құдықта арматураны ағымдағы жөндеу кезінде қосымша мынадай жұмыс түрлерін орындау керек:

- құдық қабырғаларын жөндеу, скоба (баспалдық) бекіту;

- газ құбырларының футлярларын нығыздау;

- компенсаторлардың жай-күйін тексеру (тарту болты алынған болу керек).

5.19.4 Кілем астына құдықсыз орнатылған жер асты кранын ағымдағы жөндеу кезінде мынадай жұмыс түрлері орындалады:

- кілем қақпағын ластан тазарту, қажет болғанда – бояу;

- кілем қақпағының қисайған жерлерін, кілемнің отыратын жерлерін жою;

- кілем жиектерін жөндеу (қажет болғанда);
- кілемнен суды айдау, ласты жою;
- кран штогының қорғау жабынын тексеру, қажет болғанда – қалпына келтіру;
- кран штогы қақпағының тығыздаушы сақинасының тұтастығын тексеру, қажет болғанда – ауыстыру.

5.19.5 Гидроокшаулықтарды ағымдағы жөндеу кезінде мынадай жұмыс түрлері орындалады:

- гидроокшаулықтардың бұранда жалғауларының саңылаусыздығын сабын эмульсиясымен тексеру;
- кран қақпақтарының бұрандасын майлау және оларды зығыр тұтамымен орап орнату;
- гидроокшаулағыштар тіреушелерінің зақымданған шеттерін жою;
- егер олардың шеттері өте төмен болса не кілем қақпағының шетінен шығатын болса, (кілемді түсіру не көрсету мүмкін болмаған жағдайда), гидроокшаулағыштардың шеттерін өсіру не кесу;
- оларды еріген сулармен ықтимал басу уақытында (төмен жерлерде) гидроокшаулықтардың тіреушелерін уақытша қоршау және өсіру;
- гидроокшаулықтардың тіреушелерінде мұзды арнайы еріткіштермен (метанол, техникалық спирт және т.б.) еріту, одан кейін конденсатты жою;
- сол жерде ақаулықтарды жою мүмкін болмаған жағдайда гидроокшаулықтардың жарамсыз крандарын және басқа бөлшектерін жарамдыларына ауыстыру.

5.20 Тығын арматурасын күрделі жөндеу

5.20.1 Күрделі жөндеу кезінде:

- техникалық қызмет көрсету кезінде орындалатын барлық жұмыстар;
- жабынды бұзумен және ауыстырумен кірпіш қалауын жөндеу, тозған люктар мен қақпақтарды ауыстыру, мойындарды қайта салу, құдықтардың гидроокшаулағыштарын қалпына келтіру не жөндеу, биіктігі бойынша құдықтарды көтеру, баспалдақтарды, барыс қапсырмаларын ауыстыру, құдықтарды қайта сылау (құдықтағы жапқыш ауыстырылған жағдайда);
- кілемдерді жөндеу және ауыстыру;
- су қақпақтарды бөлшектеу және ауыстыру;
- тозған крандар мен жапқыштарды ауыстыру;
- жапқыштар мен крандарды бөлшектеу, тозған тораптар мен бөлшектерді ауыстыру, шабровка, нығыздаушы сақиналарды қашау не ауыстыру, майлау.

5.20.2 Ауыстырылатын арматураның орнына орнатылатын тығын арматурасы тауарлық (не сұйытылған) газды тасымалдауға арналған болу керек және паспортта тиісті жазба болу керек.

Сұйық және газ тәрізді мұнай өнімдері, ілеспе мұнай газы, сондай-ақ аммиак, бу мен су үшін арналған, жалпы мақсаттағы тығын арматурасын қолдануға рұқсат етіледі.

Орнатылатын тығын арматурасының диаметрі мен қысымы ауыстырылатын арматураға сәйкес болуға тиіс.

5.20.3 Газ құбырына арматура орнатылғанша шеберханада оның жиналуы, майлануы, сальниктер мен төсеніштерді тексеру орындалуын тиіс. Газ құбырларында жалпы мақсаттағы арматура орнатылған кезде оның беріктілігі мен саңылаусыздығын сынау ұсынылады.

5.20.4 Арматураның айқындалған ақаулықтары (жапқыштың дұрыс жабылмауы не ашылмауы не тығыз болмауы, шпиндельдің дұрыс жүрмеуі, сальник камерасының жарамсыздығы, жапқыш қақпағы төсенішінде саңылаудың болуы) шеберханада жойылуы тиіс.

5.20.5 Құдықтағы жапқыштарды ауыстыру жөніндегі жұмыстар мынадай реттілікпен орындалады:

- газ құбырының ажыратылуы жүргізіледі;
- құдықтың жабыны алынып тасталады;
- қажет болғанда құдықтан су айдау жүргізіледі;
- жұмыстар басталар алдында (және бүкіл жұмыстарды өткізу уақытында) құдықтың газдылығы газ талдағышпен тексеріледі және қажет болғанда желдеткіштің көмегімен желдетіледі;

- құдыққа құтқару жіптері бар құтқару белбеулерін киген және қажет болғанда газтұтқы киген жұмысшылар (екі адамға дейін) түседі;

- жұмысшылар құдықта пайдалану құжаттамасының газ құбырында орнатылған арматураға сәйкестігін нақтылайды;

- газ құбырында кезбе токтардың әсерінен ұшқын құрауды болдырмау мақсатында электромаңдайша орнатылады (стационарлық болған жағдайда) және оның жерге қосылуы жүргізіледі (электр қорғау алдын ала ажыратылған болу керек);

- жапқыштың фланцтік жалғауларында болттарды алып тастау жүргізіледі (компенсатормен бірге ұсынылады), жаңа жапқыш пен компенсаторды орнату, төсеніштер мен тозған болттарды ауыстыру (электр қосылғышы бар жапқыштардың электр қосылғышы алдын-ала ажыратылады);

- орнатылған арматураның саңылаусыздығы 10 минут бойы ауамен (газдың жұмыс қысымымен) сынау әдісі арқылы тексеріледі. Арматурадан газдың шығуына жол берілмеу керек;

- жапқыш жұмыс қалпына келтіріледі (компенсатордағы тарту болттары алынған болу керек);

- газ құбырында уақытша орнатылған маңдайша, ал кейін жерге қосқыштар алынып тасталады, электр қорғау қосылады, жабын орнатылады;

- жапқышты ауыстыру жөніндегі деректер газ қауіпті жұмыстардың нарядына, газ құбырының паспортына және атқарушы құжаттамаға жазылады.

Жапқышты ауыстыру жөніндегі жұмыстар басталар алдында газ құбырын ажырату және үрлеп тазарту және газдың кейінгі жіберілуі газ қауіпті жұмыстардың жеке наряд-рұқсаттамасы бойынша жүргізіледі.

5.20.6 Жер үсті газ құбырларындағы жапқыштар мен крандарды күрделі жөндеу:

- жабылу тығыздығы бұзылған;
- фланц жыртылған;
- сальник буксасы сынған;
- өзі майланатын кран сальнигінің қақпағы сынған;
- корпус жарылған кезде жүргізіледі.

5.20.7 Ғимаратқа газ құбырларын енгізу кезінде кранды ауыстыру жөніндегі жұмыстар (ажыратудағы кіреберіс ішінде) мынадай реттілікпен орындалады:

- объектідегі оның нақты орналасу жері нақтыланып, жұмыстарды орындау процесінде ажыратылатын, газ құбырларының ажырату сыртынан қарау және оның атқарушы құжаттамаға (жобаға) сәйкестігін тексеру жүргізіледі;

- тұрғын үй ғимараттарында (жұмыс басталар алдында үш тәулік бұрын) барлық абоненттер газ беруді ажырату ұзақтығы және пәтерге газ кірген жағдайда қауіпсіздік шаралары туралы ескертіледі, терезелерді, желдеткіштерді, фрамуга ашу арқылы бүкіл кіреберістің желдетілуі қамтамасыз етіледі;

- орнатылуы тиіс кран дайындалады. Кран алдын-ала ашылып майлануы тиіс;

- бөтен адамдардың ашық отты әкелуін болдырмау үшін жұмыстарды орындау учаскесін қорғау бойынша талаптар қамтамасыз етіледі;

- газ құбырының жұмыстар орындалатын учаскесін ажырату қамтамасыз етіледі;

- краннан кейінгі имек бөлшектеледі, ажыратылған газ құбырына инвентарлық қақпақ салынады;

- қажет болған жағдайда газ құбыры қабырғадан алыстатылады және оның астына кранды ауыстыру жөніндегі операцияларды ыңғайлы орындау үшін төсеніш салынады;

- бұранда жалғауынан кран алынып тасталады және газ құбырына инвентарлық қақпақ орнатылады;

- газдың шығуы тығыз жабылғанын тексергеннен кейін, арнайы щеткалардың және қырғыштардың көмегімен ескі қатып қалған бояу және құбыр бұрандасынан тығыздау тазартылады, бұранданың жаңадан тығыздалуы орындалады;

- газ құбырынан инвентарлық қақпақ алынып тасталады, газдың шығуы қолмен жабылады және жаңа кран бұранда жалғауына қолмен бұралады, одан кейін кілттің көмегімен аяғына дейін бұралады. Кран «жабық» күйінде болуға тиіс;

- бөлшектелген имектердің жай-күйін қарау және имектердің бұранда ұшының жаңа тығыздалуы орындалады, имектер жаңадан орнатылған кранға бұралады;

- енгізбедегі газ құбырының ажыратылған бөлігінің бұранда ұшы және оның орауы ескі бояудан тазартылады және жаңадан оралады;

- ажыратылған газ құбырынан инвентарлық қақпақ алынып тасталады және имектердің, ажыратылған газ құбырының бұранда ұштары қосылады, одан кейін кілттің көмегімен имек муфтасы тірелгенше газ құбырының ажыратылған бөлігінің бұранда ұшына дейін бұралады;

- муфта мен контргайкасы арасындағы имектердің бұранда бөлігі жаңадан оралады, контргайка имек муфтасына жақындатылады және тірелгенше кілттің көмегімен тартылады;

- кран ашылады және барлық жаңадан қосылған жалғаулардың саңылаусыздығы сабын эмульсиясымен не аспаппен тексеріледі;

- кіреберіс үй-жайы желдетіледі (кіреберістегі кран ауыстырылған жағдайда);

- газды жіберу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес үрлеу және газды жіберу жүргізіледі.

Жұмыстарды жүргізу уақытында және олар аяқталғаннан кейін баспалдық клеткаларында, жертөлелерде, жер қоймада, бірінші қабаттағы пәтерлерде газдылықты аспаптың көмегімен бақылау керек.

5.20.8. Ішкі газ құбырында орналастырылған газ құбырын ауыстыру (тұрмыстық газ пайдаланылатын жабдық алдында) мынадай тәртіппен орындалады:

- үй-жайға енгізбедегі кран ажыратылады (болған жағдайда);

- жаңа кранды тексеру және майлау, имектерді бөлшектеу және оны тексеру жүргізіледі;

- жарамсыз кран алынып тасталады, газдың шығуы үшін тесік инвентарлық қақпақпен жабылады, ескі ораудан құбыр бұрандасы тазартылады және нығыздаушы материалдардан жаңадан оралады;

- бұрандаға жаңа кран қолмен бұратылады және кілттің көмегімен тірелгенше тартылады (монтаж кезінде кран «жабық» күйінде болу керек);

- имек пен газ құбырының бұранда ұштары жаңадан орнатылады, кілттің көмегімен тіркелгенше орнатылған кранға имек бұралады, имек пен газ құбырының бұранда ұштары қосылады, тірелгенше кілттің көмегімен құбыр бұрандасына имектің муфтасы тартылады, муфтаның және имектің контргайкасы арасындағы жгут түріндегі жаңа орау орындалады және кілттің көмегімен имектің муфтасына контргайка тартылады.

Кранды ауыстыру бойынша жұмыстарды орындау үй-жайды ашық желдету кезінде жүргізіледі.

5.21 Газ таратудың технологиялық процестерін автоматтандырылған басқару жүйелерін пайдалану (ТП АБЖ)

5.21.1 Табиғи газдарды тарату және тұтыну жүйелерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес 100 мыңнан астам адам тұрғын халқы бар қалалық елді мекендердің газ тарату желілерінің ТП АБЖ бар.

ТП АБЖ құрылғылары пайдалануға енгізілер алдында реттеу мен қабылдау сынақтарынан өтуге тиіс.

Реттеу жұмыстарын пайдаланушы ұйымның персоналы немесе ТП АБЖ құралдарын жеткізетін, мамандандырылған ұйым орындауға тиіс.

5.21.2 ТП АБЖ құрылғыларын пайдалануға енгізер алдын мамандандырылған ұйым реттеу жұмыстарын орындау кезінде жұмыстарды өндіруші кестелерді, графиктерді және ТП АБЖ құрылғыларын реттеу және іске қосу бойынша орнатылған және нақты алынған деректерді көрсететін басқа материалдарды, реттеу кезінде енгізілген өзгерістердің сипаттамасы мен сызбаларын, сондай-ақ мынадай құжаттарды қамтитын, реттеу жұмыстары туралы техникалық есепті ұсынуға тиіс:

- реттеу нәтижелері бойынша түзетілген атқарушы құжаттама;
- зауыт құжаттамасы, пайдалану нұсқаулықтары және жабдық пен аппаратура паспорттары;
- реттеу және сынау хаттамалары;
- ТП АБЖ пайдалану бойынша қызмет көрсетуші персонал үшін өндірістік нұсқаулықтар.

5.21.3 Орындалған реттеу жұмыстарын қабылдау және пайдалануға енгізу үшін рұқсат орнатылған тәртіппен ресімделеді.

5.21.4 Кәсіпорында ТП АБЖ құрылғыларына қызмет көрсету бойынша арнайы оқытылған персонал болмаған жағдайда (оны даярлағанша), реттеу жұмыстарын қабылдауға ТП АБЖ құрылғыларына қызмет көрсететін ұйымның маманы қатысуға тиіс.

5.21.5 Реттеу жұмыстары аяқталғаннан кейін және жеке сыналғаннан кейін кемінде 72 сағат бойы технологиялық жабдықпен бірге ТП АБЖ кешенді сынау жүргізілуі тиіс.

ТП АБЖ құрылғылары орнатылған кәсіпорын өкілінің талабы бойынша ТП АБЖ құрылғыларын монтаждауды және іске қосуды жүзеге асыратын ұйымдар технологиялық жабдықтың жұмысымен бірге ТП АБЖ кешенді сынауға қатысады.

5.21.6 ТП АБЖ құрылғыларына қызмет көрсету мен жөндеуді іске асыратын персонал ТП АБЖ тікелей әрекеттесетін технологиялық жабдықтың құрылғысын білуге тиіс.

5.21.7 Пайдаланудағы ТП АБЖ құрылғылары, функционалдық тағайындалуы бойынша жұмыс істемейтін технологиялық жабдық кезінде ажыратылуы мүмкін құрылғыларын қоспағанда, үнемі жұмысқа қосылуы тиіс.

ТП АБЖ құрылғыларын пайдалану кезінде жұмыс істеп тұрған объектілердегі апаттық және ескертуші сигнал беру жүйесінің құрылғыларын электрмен қоректендіруді үнемі бақылау керек.

Пайдалану ұйымының АДҚ қарамағындағы ТП АБЖ құрылғыларын қосу және ажырату эксплуатациялық журналға міндетті жазумен, тек оның рұқсатымен ғана жүргізіледі.

ТП АБЖ құрылғыларына бөтен адамдардың қол жеткізу мүмкіндігіне жол бермеу үшін олар нық жабылып, пломба салынуы тиіс, бұл жөнінде эксплуатациялық журналда тиісті жазу жазылған болу керек (пломбалардың сақталуын кезекшілікті қабылдау және тапсыру кезінде жедел персонал тексереді).

Құрылғыны ашуды қызмет көрсететін персонал не эксплуатациялық журналда міндетті жазумен жедел-диспетчерлік персонал жүргізуі тиіс.

5.21.8 ТП АБЖ қалқандарының, панельдері мен пульттерінің оларға қол жеткізу жағынан бірыңғай диспетчерлік атауларға сәйкес олардың тағайындалуын көрсететін, жақсы көрінетін жазбалары, ал оларда орнатылған аппаратураның – кестелерге сәйкес жазулары не таңбалары болуы тиіс.

Қысқыш қатарларына, сондай-ақ құрылғылар мен аспаптардың қысқыштарына қосылған өткізгіштердің кестелерге сәйкес таңбалануы болуға тиіс.

Бақылау кабельдерінің ұштарында, кабельдер ағымының таралуы мен қиылысуы орындарында, қабырғалар мен төбе арқылы өту кезінде, сондай-ақ 50 - 70 м арқылы трасса бойынша таңбалануы болу керек. Кабельдердің бос тарамының ұштары окшауланған болу керек.

5.21.9 ТП АБЖ құрылғылары орнатылған объектілерде:

- клеммниктердің таңбалары, электр желісінің енгізбелері, кабельдік өткізгіштер, байланыс желі мен жерге қосылғыштар белгіленумен құрылғылардың түбегейлі бірлескен және монтаждық кестелері;

- технологиялық құбыр жолдарына енгізу, тығын арматурасының орналасу және басқару органдарынан бастап құрылғылардың сыртқы жалғаулары мен импульстік өткізгіштер белгіленумен объектілерде жабдықты орналастырудың монтаждық кестесі (кестеде технологиялық жабдық жұмысының түрлі режимдеріне сәйкес келетін, олардың күйлері көрсетілуі тиіс).

5.21.10 Пайдаланушы ұйымның АДҚ ТП АБЖ құралдарымен жабдықталған диспетчерлік пунктінде:

- ТП АБЖ құрылғылары орналастырылған объектілерді көрсетумен ТП АБЖ құрылғыларының құрылымдық кестесі және байланыс желілерін ұйымдастыру кестесі;

- клеммниктерді, электр желісінің енгізбелерін, байланыс желілері мен жерге қосылғыштарды белгіленуімен диспетчерлік пунктте орнатылған ТП АБЖ құралдарының түбегейлі кестесі;

- сыртқы жалғауларды, кабель таралымдарын, электр өткізгіштерін, клеммниктерді, енгізу-коммутациялық аппаратураны, жұмыстың түрлі режимдері кезінде олардың жағдайларының белгіленуімен диспетчерлік пунктте құрылғыларды орналастырудың монтаждық кестесі;

- ТП АБЖ бүкіл кешенінің техникалық құжаттамасының жиынтығы;

- пайдалану құжаттамасының жиынтығы (эксплуатациялық журнал, кемшіліктер мен ақаулықтар журналы, техникалық қызмет көрсету кестесі, реттеу және жөндеу жұмыстарының кестесі, кабельдік журнал, жабдық пен аспаптардың паспорттары) болуға тиіс.

5.21.11 ТП АБЖ құрылғыларына техникалық қызмет көрсету жоспарлы тексерулерді жүргізу арқылы іске асырылады.

Толық жоспарлы тексерулер 3 жылда кемінде 1 рет мынадай көлемде жүргізілуі тиіс (егер ТП АБЖ жабдығы мен құрылғыларын өндіруші зауыттардың нұсқаулықтары одан әрі жиі тексеруді талап етпесе):

- оқшаулауды сынау;

- аппаратураның жай-күйін және коммутациялық бөліктерді қарау;

- негізгі жұмыс көрсеткіштерін тексеру;

- құрылғыларды іске қосып сынау.

Ішінара тексерулер жергілікті жағдай мен пайдаланушы ұйымның техникалық мүмкіндіктері ескеріле отырып, құрастырылған және ГТҰ техникалық басшылығы орнатылған тәртіппен бекітілетін кесте бойынша 3 айда кемінде 1 рет мынадай көлемде жүргізілуі тиіс:

- оқшаулау кедергісін өлшеу;

- аппаратураның жай-күйін және қайталама тізбекті қарау;

- құрылғыларды іске қосып сынау.

Ішінара жоспарлы тексерулердің мерзімділігі ТП АБЖ құралдарын пайдалану тәжірибесіне негізделіп, ұйымның техникалық басшылығының шешімі бойынша тексеру арасындағы арақашықтықты арттыру жағына қарай өзгертілуі мүмкін.

Жоспардан тыс тексерулер жөндеудің барлық түрлерінен кейін, сондай-ақ жеке құрылғылардың ақаулықтары не жүйенің нашар жұмысы кезінде жүргізіледі.

Тексерулер газ тарату жүйелерінің қалыпты қызмет етуіне кедергі жасамауға тиіс, оларды жүргізуді негізгі технологиялық жабдықты жөндеу жұмыстарымен бірге ұштастыру ұсынылады.

5.21.12 ТП АБЖ құрылғыларын жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер аяқталғаннан кейін хаттамалар (актілер) жасалуы тиіс және эксплуатациялық журналдарда тиісті жазбалар жазылуы тиіс. Құрылғылардың не қондырғылардың кестелеріндегі, құрылымындағы өзгерістер ТП АБЖ техникалық құжаттамасында көрсетілуі тиіс.

Жұмыстарды өндіру тәртібі өзгерген жағдайда өндірістік нұсқаулықтарға және оларға берілген түбегейлі кестелерге тиісті өзгерістер енгізілген болу керек.

5.21.13 ТП АБЖ құралдарының жинағына кіретін өлшеу аспаптары тексерілген болу керек.

5.21.14 ТП АБЖ құрылғысының жұмыс істеу кезінде аппаратура көрсеткіштерінің бұрмалануына немесе оның істен шығуына әкелуі мүмкін, діріл мен сілкіну ықтимал болса, оның жанында не оның үстінде жөндеу және құрылыс жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

5.21.15 ТП АБЖ құралдарын пайдалану процесінде өндірушілердің рұқсат етілген температура, ылғалдық, дірілдеу және басқа жөніндегі нұсқаулықтарына сәйкес аппаратураның жұмыс жағдайы қамтамасыз етілуі тиіс.

Қажет болған жағдайда тиісті шаралар қабылдануы тиіс: су жылыту, салқындату, дірілден қорғау және т.б.

5.22 Газ тарату жүйелерін диспетчерлік басқару

5.22.1 Газ тарату жүйелерінің АДҚ диспетчерлік басқару газбен жабдықтаушы ұйымдардан газ қабылдаудың және оны тұтынушыларға беру ретін, тұтынушыларды газбен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ететін, газ тораптарының жұмыс тәртібін ұстап тұруды, газ торабының кейбір учаскелерін ажыратумен не олардағы қысымды азайтумен апаттарды (апаттық жағдайларды) оқшаулауды қамтамасыз етуге тиіс.

5.22.2 Жөндеу қызметтері АБҚ-мен газ тарату жүйесіндегі режимдерді өзгертумен байланысты жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу жоспарларын келістіреді. Көрсетілген жоспардың бір данасы АБҚ-да болуға тиіс.

5.22.3 Жедел режимде диспетчерлік басқару міндеттерін шешу үшін:

- газ тораптарының жұмыс тәртіптерін реттеуді;
- газ ағымдарын басқаруды;
- апаттық жағдайларды болдырмауды;
- тұтынушыларға газ беруді есептеуді;
- уақыттың нақты ауқымында тораптағы газ шығысы мен қысым режимдерін талдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, автоматтандырудың бағдарламалық-техникалық құралдарын пайдалануға тиіс.

6 Ғимараттардың газ жабдығын пайдалану

6.1.1 Тұрғын, әкімшілік және өндірістік ғимараттарға техникалық қызмет көрсету 3 жылда кемінде 1 рет жүргізілуі тиіс.

Тұрмыстық газ пайдаланушы жабдықтың өндіруші орнатқан қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін осы жабдыққа техникалық қызмет көрсету (оны ауыстыру мерзіміне дейін) тұрғын үй ғимараттарында 1 жылда кемінде 1 рет жүргізілуі тиіс.

Тұрмыстық газ пайдаланушы жабдыққа сервистік қызмет көрсетуді өндіруші орындаған жағдайда пайдаланушы ұйымның персоналы оған техникалық қызмет көрсетуді жүргізбейді.

6.1.2 Газ жабдығын жөндеу оған техникалық қызмет көрсету кезінде, анықталған ақаулықтарды жою үшін, сондай-ақ абоненттердің жазбаша не ауызша өтінімдері негізінде (өтінімдік жөндеу) жүргізіледі. Техникалық қызмет көрсетуді және (немесе) өтінімдік жөндеуді жүзеге асыратын эксплуатациялық ұйым ақаулықтар анықталғаннан кейін (өтінім түсіп, тіркелгеннен кейін) үш күнтізбелік күннен кешіктірмей жөндеу бойынша жұмысты бастауға тиіс. Газдың шығуы апаттық тәртібімен жойылады.

6.1.3 Тұрғын үй ғимараттарының газ құбырлары мен газ пайдаланушы жабдығына техникалық қызмет көрсету және жөндеу эксплуатациялық ұйыммен жүргізіледі.

6.1.4 Тұрмыстық газ пайдаланушы ұйым орнатылған ұйымдарда бекітілген тәртіпте оны қауіпсіз пайдалану үшін жауапты тұлғалар тағайындалады.

6.1.5 Газ өткізілген ғимараттардың меншік иелері (жалға алушылары, жалдаушылары) және кондоминимум объектісін басқару органының өкілі не үй-жайлар (пәтер) иелерінің басқа бірлестіктері:

- жалғау келте құбырларды, түтіндіктердің шеттерін қоса алғанда, түтін және желдету арналарының жай-күйін уақытында тексеруді және журналда нәтижелері тіркеліп көрсетілген жұмыстарды орындау сапасын тексеруді;

- газ шаруашылығының пайдаланушы ұйымына түтін және желдету арналарының жарамсыздығы анықталған кезде және өз бетімен орнатылған газ аспаптары мен жабдығы туралы газ пайдаланушы жабдығын ажырату қажеттілігі, пәтерлерді тұрғын емес үй-жайларға қайта құру, меншік иесінің (жалға алушының, жалдаушының) ауысуы туралы хабарлауды қамтамасыз етеді.

6.1.6 Газ өткізілген үй-жайлардың газдылығын бақылау:

- жатақханалар мен қоғамдық ғимараттардың газ өткізілген үй-жайларында;
- бір пәтерлі және блоктық тұрғын үй ғимараттардың астыңғы және жертөле қабаттарындағы газ өткізілген үй-жайларында (жылыту жабдығы орнатылған кезде);

- жалпы жылу қуаты 60 кВт астам болған кезде тұрғын үй ғимараттардың газ өткізілген үй-жайларында;

- газ құбырларын өткізу кезінде техникалық дәліздерде, еден астындағы жайларда, жертөлелерде;

- оларға кірмей газдылықты тексеру мүмкіндігі болмаған жағдайда ғимараттардың жертөлелерінде (дабылды сыртқа не үнемі адамдар болатын үй-жайға шығарумен) орнатылатын газ талдағыштармен жүргізіледі.

Газдылықтың сигнал бергішіне қызмет көрсету мен тексеруді мамандандырылған ұйымның персоналы жүргізеді.

6.1.7 Ішкі газ құбырлары мен газ пайдаланушы жабдыққа техникалық қызмет көрсету кезінде мынадай жұмыс түрлері орындалады:

- үй-жайдағы газ пайдаланушы жабдықтың және газ құбыры төсенішінің нормативтік талаптарға орнату сәйкестігін тексеру (көзбен шолып қарау);

- газ құбырлары мен газ пайдаланушы жабдыққа еркін қол жеткізудің болуын тексеру (көзбен шолып қарау);

- газ құбырының бояу күйін және бекіткіштерді, ғимараттардың сыртқы және ішкі құрылымдары арқылы газ құбырын салу орындарында футлярдың болуын және тұтастығын тексеру;

- газ құбырлары мен арматура жалғауларының саңылаусыздығын аспаптық әдіспен не сабын эмульсиясымен тексеру;

- газ пайдаланушы ұйымның тұтастығы мен жинақталуын тексеру;

- газ құбырларында орнатылған крандардың (жапқыштардың) жұмыс қабілетін тексеру және майлау, қажет болғанда, сальниктік нығыздағыштарды қайта салу;

- түтін және желдету арналарында түтін тартуының болуын, газ пайдаланушы жабдықтың түтін арнасымен жалғау құбырларының жай-күйін, жану үшін ауа келуінің болуын тексеру;

- тұрмыстық газ пайдаланушы жабдықтың барлық крандарын бөлшектеу және майлау;

- тұрмыстық газ пайдаланушы жабдықтың қауіпсіздік автоматикасының жұмыс қабілетін тексеру, оны іске қосу және реттеу;

- жанғыштарды ластардан тазарту, жабдықтың барлық жұмыс режимдерінде газды жағу процесін реттеу;

- тұрмыстық газ пайдаланушы жабдықтың саңылаусыздығын тексеру (нығыздау);

- газ пайдаланушы жабдықтың жеке тораптары мен бөлшектерін ауыстыру не жөндеу (қалпына келтіру) қажеттілігін анықтау;

- жабдықты тұтандыруға дейін және одан кейін түтін тартуының болуын міндетті тексеру туралы ескертетін, газ жанғыштарының арнайы тақтайшаларының, жағу өнімдерін түтіндікке шығарумен аспаптар мен аппараттардың болуын тексеру;

- тұтынушыларға тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану ережелері бойынша нұсқау беру.

6.1.8 Тұрмыстық газ плиталарының:

- плита корпусына үстелді бекіту беріктілігін;

- ауа көрсеткішін бекіту беріктілігін және оның жұмыс қабілетін;

- үстел торының ыдыс-аяқтың орнықсыз жағдайын жасайтын, механикалық зақымдарының жоқтығын;

- духовкалы шкафтағы қаңылтыр табалар мен торлардың бекіту беріктілігін және еркін қозғалуын;

- духовкалы шкаф есігінің тіркелуін;

- жанғыштардың автоматтық түрде жағылуын, шаңышқының айналуын және аса ыңғайлы пештерде от сөнген кезде жанғышқа газ беруді тоқтататын сақтандырғыш құрылғысының жұмыс қабілетін қосымша тексеру керек.

Су жылытқыштардың:

- от камерасының қабырғаларына иректүтіктің орналасу тығыздығы, жылу жинағышта су тамшыларының не ағымының жоқтығын, негізгі жанғыштың от бетінің көлденең орнатылуын, сондай-ақ негізгі және тұтандыру жанғыштарының жылжымағанын, жалғамалы келте құбырдың буындары арасында тесіктердің болмауын;

- кран блогының су бөлігінің (оны бөлшектеумен), мембраналардың, сүзгіштің не басқа да тораптардың жай-күйін;

- оларды күйе мен құрымнан тазартумен жылу алмастырғыштың жай-күйін (объектіде не шеберханада);

- салқын су вентильдерінің жұмыс қабілетін тексеру керек.

Тұрмыстық газ пештерінің:

- пештің кірпіш қалауында және жанғыштың қарсы алдындағы парақтың пештің кірпіш қалауында орналасқан рамкасына қосылатын жерінде тесіктердің болмауын;

- үздіксіз қызметтегі газ жанғыш құрылғысымен жабдықталған, пештердің түтік тартуды тұрақтандырушының болуын (егер конструкцияда болса);

- шибердің еркін қозғалуын және шиберде диаметрі кемінде 15 мм құрайтын мойынның болуын;

- пеш оттығында түтін тартуының болуын;

- газ жанғыш құрылғыларында қауіпсіздік автоматикасының болуы. Ол болмаған жағдайда газ жанғыш құрылғыны ауыстыру қажет.

6.1.9 Газ пайдаланушы жабдыққа техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстардың құрамына өндірушінің құжаттамасында көзделген, жұмыстар міндетті енгізілуі тиіс.

6.1.10 Газдың шығуы не жарамсыз қауіпсіздік автоматикасы анықталған жағдайда, түтін және желдету арналарында түтін тартуы болмаған не бұзылған жағдайда, газ пайдаланушы жабдықты өз бетімен орнату кезінде газ аспаптары, аппараттары мен басқа жабдық тиісті актіні ресімдеумен бұқтырманы және (не) пломбаны орнатумен ажыратылуы тиіс.

Газ пайдаланушы жабдықтың тораптар мен бөлшектерді ауыстырумен, газ құбырларындағы арматураны, футлярлар мен бекіткіштерді ауыстырумен байланысты жөндеуін жүргізу қажеттілігі анықталған жағдайда абонент жөндеу өтінімін жазады.

6.1.11 Диаметрі 50 мм дейінгі ішкі газ құбырларындағы крандарды майлау үй-жайға газдың шығуына жол бермейтін инвентарлық қақпақтарды қолданумен газды ажыратпай жүргізу рұқсат етіледі.

6.1.12 Тұрмыстық газ аппараттары мен аспаптары алдында орнатылған крандарды майлау мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- аспап алдындағы кран жабылады, үй-жайды желдету мүмкіндігі қамтамасыз етіледі (фрамуга, терезелер және т.б. ашылады), үй-жайдан бөтен адамдар шығарылады;

- аспап жанғышы арқылы газ жандырылады;
- аспап алдындағы кран бөлшектеледі, газ құбырына инвентарлық қақпақ салынады;
- кран корпусы мен қақпақ ескі майдан шүберекпен тазартылады, кран қақпағына майлаудың жұқа қабаты жағылады, кран жиналады, оны бұрау арқылы қақпақ барысының жатықтығы тексеріледі;

- инвентарлық бұқтырма алынады, кран орнатылады, бұранда жалғауының саңылаусыздығы сабын эмульсиясының не аспаптың көмегімен тексеріледі, аспап жанғыштары (жанғышы) тұтандырады.

6.1.13 Су жылытқыштың блок-кранын майлау мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- су құбырындағы вентиль және су жылытқыштың алдындағы газ краны жабылады, блок-кранның тұтқасы және су жылытқыштың қаптамасы шешіледі;

- блок-кран бөлшектеледі, кран қақпағы мен корпусы жұмсақ шүберекпен ескі майлаудан тазартылады және майланады;

- блок-кран жиналады (кран қақпағы қолмен бұрағаннан жеңіл ашылуы тиіс);

- су жылытқыштың алдындағы газ краны ашылады, сабын эмульсиясының не аспаптың көмегімен блок-кранның саңылаусыздығы тексеріледі.

6.1.14 Газ плиталарының крандарын майлау мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- плита алдындағы кран жабылады (электр жабдығы бар плиталар жұмыстар басталғанша электр желіден ажыратылуы тиіс), жанғыштардың бірі арқылы газ жандырылады;

- жұмыс үстелінің торы, плитаның үстіңгі жанғыштары, жұмыс үстелі мен тарату қалқаны алынып тасталады, кран бөлшектеледі және кран қақпағы алынады;

- кран корпусы мен қақпағы ескі майлаудан тазартылады және жаңадан жағылады;

- қақпақ корпусқа салынып, бірнеше рет бұралады, алынады, оның өткізу тесіктері майдан босатылады, кран жиналады;

- плитаның қалған крандары майланады, плита алдындағы кран ашылады, кранның және оның коллекторға қосылу жерлерінің саңылаусыздығы сабын эмульсиясымен не аспаппен тексеріледі, плитаны жинау жүргізіледі;

6.1.15 Газ жіберуді іске асыратын бригада барлық газ құбырлары мен газ жабдығын қызмет ететін газ құбырына қосар алдында, сондай-ақ жөндеуден кейін сыртынан қарап, бақылауды нығыздауды жүргізуге тиіс.

Бақылау нығыздау ауамен немесе оқшау газбен жүргізіледі. Өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық кәсіпорындарының, қазандықтардың, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету өндірістік сипаттағы кәсіпорындардың ішкі газ құбырларын, сондай-ақ жабдығын бақылау нығыздау 0,01 Мпа (1000 мм су бағ.) қысымымен жүргізілуі тиіс. Қысымның түсуі бір сағатта 60 даПа аспауға тиіс.

Халыққа тұрмыстық қызмет көрсету өндірістік емес сипаттағы кәсіпорындардың, тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттардың ішкі газ құбырлары мен газ жабдығын бақылау нығыздау 500 даПа қысымымен жүргізілуі тиіс. Қысымның түсуі бес минутта 20 даПа аспауға тиіс.

Бақылау нығыздау нәтижелері газқауіпті жұмыстарды орындауға рұқсат беру нарядтарында жазылуы тиіс.

Қосылған газ құбырындағы ауаның қысымы оларды қосу немесе газды жіберу бойынша жұмыстар басталғанша сақталуы тиіс.

Егер қаралған және бақылау нығыздаудан өткен газ құбырлары газға толмаса, онда газды жіберу бойынша жұмыстарды қайта бастау кезінде олар қайта қаралып, бақылау нығыздаудан өткізілген болу керек.

Тұрмыстық газ пайдаланушы жабдықты нығыздау арнайы құралдардың (құрылғылардың) көмегімен жүргізіледі.

Құралдар болмаған жағдайда тұрмыстық газ плиталарын нығыздау бойынша жұмыстар мынадай реттілікпен жүзеге асырылады:

- плита үстелінің жанғыш бүркегішіне немесе оның орнына моновакууметр және 5,0 КПа кем емес артық қысымды жасау үшін құрылғы (футбол добының камерасы не ауыспалы көлемімен басқа сыйымдылық) қосылады;

- бүркегішіне моновакууметр және сыйымдылық қосылған жанғыштың краны ашылады, сыйымдылықты газбен толық толтыру жүргізіледі;

- газ плита алдындағы газ құбырында кран жабылады;

- газды сыйымдылықтан шығару есебінен газ құбырының тексерілетін учаскесінде 5,0 КПа тең артық қысым жасалады;

- бүркегішіне сыйымдылық қосылған жанғыштың краны жабылады және моновакууметр бойынша тексерілетін учаскенің саңылаусыздығы тексеріледі. Қысымның 5 минут ішіндегі түсуі 0,2 КПа артық болмауға тиіс;

- газдың шығу орындарын айқындау сабын эмульсиясының не аспаптың көмегімен жүргізіледі, олар жойылғаннан кейін бүркегішіне сыйымдылық қосылған жанғыштың краны ашылады, және газ қысымы жұмыс қысымына дейін азайтылады;

- жанғыштардың біреуі тұтандырады, және газ сыйымдылықтан газ құбырына ақырын шығарылады, моновакууметр және сыйымдылық ажыратылады, газ құбырындағы кран ашылады.

Ауамен бақылау нығыздау мынадай реттілікпен жүзеге асырылады:

- газ плита алдындағы газ құбырында кран жабылады;

- плита үстелі жанғышының бір бүркегішіне немесе оның орнына моновакууметр, екіншісіне - 5,0 КПа кем емес қысымды жасау үшін үрлеу шлангы қосылады;

- үрлеу шлангы арқылы газ құбырының тексерілетін учаскесін ауаға толтыру жүргізіледі, газ құбырының учаскесі ауаға толтырылғаннан кейін, газ құбырының учаскесін 5,0 КПа қысымдағы ауаға толтырылғаннан кейін үрлеу шлангы қосылған бүркегіш краны жабылады және моновакууметр бойынша сыналатын учаскенің саңылаусыздығы тексеріледі. Қысымның 5 минут ішіндегі түсуі 0,2 КПа артық болмауға тиіс;

- шығу орындарын айқындау сабын эмульсиясының көмегімен жүргізіледі.

Бақылаушы нығыздаудың оң сынақтарынан кейін моновакууметр мен құралды ажыратып тастайды, газ құбырының ауаға толтырылған учаскесі үрлеу шлагының көмегімен газбен үрленеді, оның бір шеті желдеткішке шығарылған болу керек, екіншісі – плитаның кішкентай кранына қосылған болу керек.

6.1.16 Түтін тарту бойынша тұрмыстық газ пайдаланушы жабдықтың қауіпсіздік автоматикасының жұмыс қабілетін тексеру арнайы құралдардың көмегімен жүргізу ұсынылады. Құралдар болмаған жағдайда түтін тарту бойынша қауіпсіздік автоматикасының жұмысқа қабілетін тексеру түтіндіктің түтін тартуын жасанды бұзу арқылы тексереді.

Жылыту тұрмыстық пештерінің газ жанғыш құрылғылары автоматикасының жұмыс қабілетін тексеру мынадай реттілікпен жүргізіледі:

- шиберді жабу, от алауын қарау терезесіне жақындату;

- от алауының қарау терезесінен үй-жай бөлмесіне қарай ауытқу сәтінен бастап газды беруді тоқтату сәтіне дейін уақытты секундомермен өлшеу.

Автоматика газдың құрылғыға беруін тоқтатуды 10 с кейін кем емес және 60 с артық емес уақытта қамтамасыз етуге тиіс.

Су жылытқыштардың автоматикасын тексеру мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1. түтін шығаратын келте құбырын ажырату және оны ыстыққа төзімді материалдан жасалған тілімшемен нық жабу;

2. аппараттың келте құбырын жабу сәтінен бастап газ беруді тоқтату сәтіне дейінгі уақытты секундомермен өлшеу.

Автоматика газ беруді тоқтатуды 10 с кейін кем емес және 60 с артық емес уақытта қамтамасыз етуге тиіс.

6.1.17 Газ құбырлары мен жабдығын нығыздау ауамен не 5 кПа қысымдағы газбен жүргізу керек. Қысымның 5 минут ішіндегі рұқсат етілетін түсуі 0,2 кПа аспауға тиіс.

Шығу орындарын сабын эмульсиясының не газ іздегіштердің көмегімен айқындау керек.

6.1.18 Қоғамдық ғимараттардың маусыммен жұмыс істейтін газ пайдаланушы жабдығын актіні ресімдеумен жабық кранда пломбаны не газ құбырында бұқтырманы орнатумен ажырату керек.

6.1.19 Желдету және түтін арналарын:

- жылу беру маусымының алдында – маусыммен жұмыс істейтін газ аспаптары мен аппараттарының түтіндіктері;

- 12 айда кемінде 1 рет – кірпіштен қаланған, асбестцементтік, қыш, ыстыққа төзімді бетонның арнайы блоктарынан жасалған түтіндіктер, сондай-ақ желдету арналары мерзімді тексерулерден өткізу керек,

6.1.20 Желдету және түтін арналарын тексеру уақытында:

- біріншіде – қолданылған материалдардың нормативтік талаптарға сәйкестігі, бітелген жерлердің болмауы, тығыздығы мен бөлектігі, түпкі бөліктердің болуы мен жарамдылығы, жалғаулы келте құбырларының болуы, түтін тартуының болуы;

- мерзімді кезінде – бітелген жерлердің болмауы, жалғаулы келте құбырлары мен шеттерінің тығыздығы мен бөлектігі, жарамдылығы, түтін тартуының болуы нақтыланады.

6.1.21 Желдету және түтін шығаратын арналарының техникалық жай-күйін тексеру ғимарат иесінің (жалға берушінің, жалдаушының) не оның өкілінің, сондай-ақ кондоминимум объектісін басқару органының не үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің басқа бірлестігінің өкілінің қатысуымен мамандандырылған ұйыммен жүргізіледі.

Бірінші және мерзімді тексеру нәтижелері актімен ресімделеді.

6.1.22 Желдету және түтін шығаратын жүйелердің әрі қарай пайдалануға жарамсыздығы айқындалған жағдайда тексеруші газды тұтынушыны газ аспаптары мен жабдығын пайдалану болмайтындығы туралы ескертеді, тексеру актісін ресімдейді және оны ғимарат иесіне (жалға берушілерге, жалдаушыларға) және газ пайдаланушы жабдықты ажырату жөнінде шараларды қабылдау үшін ғимараттың газ жабдығына техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындайтын пайдаланушы ұйымға жібереді.

6.1.23 Қысқы уақытта айына кемінде 1 рет ғимарат иесіне (жалға беруші, жалдаушылар) түтіндіктердің шеттерін қатып қалуы мен бітелуін болдырмау мақсатында оларды қарауды қамтамасыз ету ұсынылады.

6.1.24 Желдету және түтін арналарын жөндеу бойынша жұмыстар басталғанша ғимарат иесі (тұрғын үй-пайдалану ұйымы) пайдаланушы ұйымға газ аспаптары мен жабдығын ажырату қажеттілігі туралы жазбаша хабарлайды.

Жөндеу аяқталғаннан кейін желдету және түтін арналары актіні ресімдеумен кезектен тыс тексеруге жатады.

7 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау

7.1 Жалпы талаптар

7.1.1 Тауарлық газды тарату және тұтыну жүйелерін жобалау, салу мен пайдалану «Табиғи газдарды тарату және тұтыну жүйелерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына», сондай-ақ «Газбен жабдықтау жүйелерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес, МСН 4.03-01-2003 «Газ тарату жүйелері» және басқа қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

7.1.2 Газбен жабдықтау объектілерінде өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасы «Газбен жабдықтау объектілерінде өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға» сәйкес жүргізілуі тиіс;

7.1.3 Газ қауіпті жұмыстарды ұйымдастыру ОСТ РК 153-39-016-2005 орнатылған тәртіппен жүзеге асырылуы тиіс.

7.1.4 Лауазымды тұлғалардың өздеріне бағынысты адамдарды Еңбек қауіпсіздігі жөніндегі ережелер мен нұсқаулықтарды бұзуға мәжбүрлейтін нұсқаулар мен өкімдерді беруі, жергілікті газ қадағалау органдарымен тоқтатылған жұмыстарды өз бетімен қайта бастау, сондай-ақ жұмысшылар не басқа бағыныстағы персонал жіберетін, Ережелер мен нұсқаулықтардың бұзушылықтарын жою бойынша шараларды қабылдамау өрескел бұзушылықтар болып табылады және оларды жауапкершілікке тарту үшін негіздеме береді.

7.2 Тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулық

7.2.1 Жеке тұрғын үй қорының пәтерлері мен ғимаратының меншік иелеріне (жалға берушілері, жалдаушылары), қоғамдық ғимараттардың (қоғамдық мақсаттағы үй-жайлар) тұрмыстық газ пайдаланушы жабдығының қауіпсіз қолданылуына бақылауды жүзеге асыратын тұлғаларға және сол ғимараттарды (үй-жайларды) меншік иеленушілер (жалға алушылар) – ұйымдардың персоналына газ алғашқы рет жіберілер алдында, сондай-ақ істейтін тұрмыстық газ пайдаланушы жабдығы бар пәтерлерге адамдар кірер алдында тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану ережелері бойынша газ құбырының пайдаланушы ұйымының (ГТО) арнайы жабдықталған үй-жайында немесе жабдықты орнату орны бойынша алғашқы нұсқау беріледі.

Ауылдық елді-мекендерде күрделі жөндеу жүргізілгеннен кейін адамдар кіретін тұрғын үй ғимараттарға газды жіберу кезінде, істейтін газ аспаптары мен аппараттарын СКСТ-дан тауарлық газға ауыстыру кезінде абоненттерге нұсқау беру газды жіберу бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін пәтерлерде жүргізілуі мүмкін.

Пәтерде тұратын отбасы мүшелерін нұсқау беруден өткен адам газды тұрмыста қауіпсіз пайдалану ережелеріне оқытады.

7.2.2 Алғашқы нұсқау беру техникалық құралдардың, көрнекті құралдардың және істейтін газ пайдаланушы жабдықтың қолданылуымен жүргізіледі.

7.2.3 Алғашқы нұсқау берудің мазмұны орнатылған газ аспаптары мен жабдығының мақсаты мен түріне байланысты қалыптастырылады.

7.2.4 Алғашқы нұсқау беруден өткен адамдарды тіркеу газ құбырының пайдаланушы ұйымында сақталатын, нөмірленген және тігілген журналда жүргізіледі.

7.2.5 Абоненттерге алғашқы нұсқау беруді жүргізу нәтижелері ведомостта не абоненттің карточкасында жазылады.

7.2.6 Алғашқы нұсқау беруден өткен адамдарға газды тұрмыста қауіпсіз пайдалану бойынша басылған нұсқаулықтар (жаднамалар), ескерту жазбалары бар тақтайшалар беріледі.

7.2.7 Қоғамдық ғимараттардың (қоғамдық мақсаттағы үй-жайлардың) тұрмыстық газ пайдаланушы жабдығының қауіпсіз қолданылуына бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар ұйымдарда 3 жылда кемінде 1 рет тауарлық газды қауіпсіз пайдалану нормалары мен ережелерінің білуіне емтихан тапсыруға тиіс. Осы ұйымдардың қызмет көрсетуші персоналының білімдері (операторлар, слесарьлар) жылына 1 рет тексеріледі, қалған персонал жұмыс орнында нұсқау беру журналында қол қойып нұсқау беруден өтуі тиіс.

Ұйымдардың персоналына қайталама нұсқау беруді жұмыс орнында ғимараттың тұрмыстық газ пайдаланушы жабдығының қауіпсіз қолданылуына бақылауды жүзеге асыратын адамдардың жүргізуіне рұқсат беріледі. Бұл жағдайда персоналға қайталама нұсқау беруді жүргізу нұсқау беруден өткен адамдардың аты-жөні, мамандығы, нұсқау берілген күні көрсетіле отырып, ұйымның арнайы журналында ресімделеді.

7.2.8 Абоненттерге қайталама нұсқау беруді газ пайдаланушы жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстарды (осы жұмыстар аяқталғаннан кейін) орындайтын, пайдаланушы ұйымның персоналы жүргізеді. Нұсқау беруді жүргізу туралы белгі абоненттік карточкада қойылады, бұл ретте абонент нұсқау алғаны жөнінде қол қояды.

7.3 Газ тарату жүйелеріне апаттық-диспетчерлік қызмет көрсету

7.3.1 Газ тарату жүйелеріне апаттық қызмет көрсету газ тарату ұйымының (газ тарату торабының пайдаланушы ұйымының) АДҚ тәулік бойы жүргізіледі.

Жеке газ қызметі бар ұйымдар АДҚ-мен келістірілген өзара әрекеттесу жоспарына сәйкес АДҚ-ға практикалық көмекті көрсетуге тиіс.

7.3.3 Апаттар мен апаттық жағдайларды (оқиғаларды) оқшаулау және жою кезінде АДҚ персоналы адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей төніп тұрған қауіпті жою жөніндегі жұмыстарды орындайды.

7.3.4 АДҚ орындайтын жұмыстардың құрылымы мен құрамы, персоналдың саны мен біліктілігі, материалдық-техникалық жабдықталуы, пайдалану құжаттамасының көлемі қызмет көрсетілетін газ тарату жүйесінің техникалық жағдайы мен пайдалану шарттары ескеріле отырып, әзірленетін және пайдаланушы ұйымның техникалық басшылығымен орнатылған тәртіппен бекітілетін Ережемен айқындалады.

7.3.5 АДҚ персоналының газ құбырларын, ГРП ажырату және қосу, апаттық жұмыстарды жүргізу, жалпы жүйенің немесе оның кейбір бөліктері жүйесінің жұмыс тәртібін өзгерту бойынша барлық әрекеттер АДҚ жедел журналында тіркелуі тиіс.

Апаттық бригадалары бар әрбір кәсіпорындарда персоналдың әрекеттеріне кейіннен баға бере отырып жаттығу сабақтары жүргізілуі тиіс:

- әрбір тақырып бойынша апаттарды оқшаулау және жою жоспарлары бойынша, әрбір бригада үшін – алты айда кемінде бір рет;
- түрлі мақсаттағы қызметтердің өзара әрекет жоспары бойынша – жылына кемінде бір рет.

Жаттығу сабақтары нақты жағдайға барынша жақындатылған жағдайда арнайы жабдықталған полигондарда жүргізілуі тиіс.

Жаттығу сабақтарын жүргізу арнайы журналда тіркелуі тиіс.

7.3.6 АДҚ персоналының газ құбырларын, ГТП, тұтынушыларды ажырату және қосу, апаттық жұмыстарды жүргізу, жүйенің жұмыс тәртібін жалпы не оның кейбір бөліктерін өзгерту жөніндегі барлық әрекеттер АДҚ жедел журналында тіркелуі тиіс.

Жылына кемінде 1 рет персоналдың әрекеттерін бағалаумен АДҚ жаттығу сабақтары жүргізілуі тиіс. Жаттығу сабақтарын жүргізу арнайы журналда тіркелуі тиіс.

7.3.7 АДҚ өткен айда түскен апаттық өтінімдерді талдауды, апаттар мен жазатайым оқиғалардың себептерін талқылауды, жұмыс тәжірибесін жинақтауды және апаттарды оқшаулау мен жою жоспарын түзетуді, сондай-ақ апаттық жағдайлардың пайда болу себептерін жою және газ тарату жүйелерінің оңтайлы жұмыс тәртіптерін қамтамасыз ету бойынша шараларды әзірлеуді ай сайын жүргізуі тиіс.

7.3.8 Апаттық өтінімдерді орындау уақтылығын және жұмыс көлемін газбен қамтамасыз ету ұйымының басшысы бақылайды.

**Тұрмыста газды пайдаланатын тұтынушыларға алғашқы нұсқау беруге
арналған тақырыптардың үлгілік тізімі**

Тізім және тұтынушыларға нұсқау беру мазмұны жергілікті пайдалану шарттарына байланысты айқындалады және оны газ шаруашылығы кәсіпорнының бас инженері бекітеді.

Тақырып атауы	Нұсқау беру мазмұны	Нұсқау беру ұзақтығы, мин.
Газ қасиеттері	Тауарлық газдардың жарылу шектері. Газдың адамға физиологиялық ықпалы. Газды одоризациялау туралы қысқаша мәлімет.	3
Газды жағу	Газ аспаптары мен жабдығы алдында газдың ең төменгі қысымы. Газдың толық және толық емес жағылуы. Алау тұрақтылығы. Газды тиімді және үнемді пайдалану.	3
Газды жеткізу. Газдың шығысын есептеу.	Газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуді, диагностикалау мен жөндеуді ұйымдастыру. Газ жабдығын, газ шығысын есептеу аспаптарын, автоматика мен сигнал беру жүйесінің құрылғыларын жарамды техникалық күйінде ұстау. Газды тұрмыста пайдалану кезінде жалпы қауіпсіздік талаптары. Газды жеткізу шарттары. Газ шығысын есептеу. Газды жеткізу, техникалық қызмет көрсету мен жөндеу бойынша қызметтердің ақысын төлеу.	5
Ұйымдардың газ аспаптары мен жабдығының техникалық қолданылуын қамтамасыз ету.	Газ құбырларын, газ аспаптары мен жабдығын, газ шығысын есептеу аспаптарын, автоматика мен сигнал беру жүйесінің құрылғыларын жарамды күйінде ұстау, оларға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді ұйымдастыру, жұмыс персоналын оқыту. Газды қауіпсіз пайдалану жөніндегі жалпы талаптар.	5
Газ плиталарын қауіпсіз пайдалану ережелері.	Тұрмыстық газ плиталарының түрлері, олардың құрылымы, негізгі техникалық сипаттамалары. Плиталарды пайдалану және оларды күтіп-ұстау ережелері. Тұтынушылардың жанғыштардың жұмыс тәртібін бұзуы және оларды жою әдістері. Құрамдастырылған электр-газ плиталарын қауіпсіз пайдалану ерекшеліктері. Пайдаланушы ұйымның персоналы ғана жоюы тиіс ақаулықтар. Тұтынушылардың кінәсі бойынша болған апаттардың сипаты және оларды жою салдары.	10
Ағынды су жылытқыштарын қауіпсіз пайдалану ережелері	Түрлері, құрылымы және негізгі техникалық сипаттамалары. Қауіпсіздік автоматикасы. Аспапты пайдалану және күтіп-ұстау ережелері. Абоненттердің өтінімдері бойынша пайдаланушы ұйыммен жойылатын ақаулықтар. Газ пайдалану ережелерін бұзу кезінде орын алуы мүмкін апаттар, олардың салдары.	10

Тақырып атауы	Нұсқау беру мазмұны	Нұсқау беру ұзақтығы, мин.
Жылыту жабдығын қауіпсіз пайдалану ережелері.	Жылыту жабдығының түрлері. Сыйымдылықты су жылытқыштарын, жылыту пештерін, автоматтандырылған қазандықтарды қауіпсіз пайдалану. Оларға тән ақаулықтар. Қауіпсіздік автоматикасы.	10
Желдету және түтін шығаратын арналар.	Газ жабдығын түтіндіктерге қосу. Түтіндіктердің құрылысы және жұмысы. Түтін тартуды тексеру, түтін тарту бұзылуының себептері және оны қалпына келтіру әдістері. Түтін тарту бұзылған кезде газ жабдығы жұмысының салдары. Газ аспаптары мен жабдығы орнатылған үй-жайларды желдету. Желдету және түтін арналарына техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді ұйымдастыру. Оларды жарамды күйінде ұстау.	5
Ішкі газ құбырлары және арматура.	Енгізбек газ құбырларының және ішкі газ құбырларының құрылысы туралы жалпы мәлімет. Құбырларды қосу және бекіту әдістері. Ажырату құрылғыларын пайдалану ережелері. Ақаулықтардың түрлері және ішкі газ құбырлары мен арматурада газ шығуының ықтимал орындары. Олардың пайда болу себептері, айқындау әдістері.	5
СКСГ топтық және дара баллон қондырғыларынан газды қауіпсіз пайдалану ережелері	Бір және екі баллонды қондырғылардың құрылысы туралы жалпы мәлімет. Баллондар мен редукторлардың ақаулықтары. Газды қауіпсіз пайдалану ережелері. Негізгі ақаулықтар және газ-баллонды қондырғыларында газ шығуының ықтимал орындары. Баллондарды ауыстыру.	10
Апаттарды болдырмау шаралары.	Газ аспаптары мен жабдығының ақаулықтары айқындалған жағдайда, үй-жайда газдың иісі пайда болған жағдайда, газдылық сигнал беру жүйесі іске қосылған жағдайда, желдету және түтін шығаратын арналарда түтін тарту бұзылған жағдайда тұтынушылардың іс-әрекеттері.	5
Алғашқы көмек көрсету	Қолдан дем алдыру әдістері. Күйю, улану және тұншығу кезінде алғашқы көмек көрсету.	5

Эксплуатациялық-техникалық құжаттаманың үлгі нысандары (ақпараттық)

Газ шаруашылығы кәсіпорындары үшін эксплуатациялық-техникалық құжаттама нысандарының тізімі жергілікті пайдалану шарттарына байланысты айқындалады және оны газ шаруашылығы кәсіпорнының бас инженері бекітеді.

- 1-нысан. Нұсқау берудің жеке карточкасы.
- 2-нысан. Жұмыс орнында нұсқау беруді тіркеу журналы.
- 3-нысан. Газ қауіпті жұмыстарды жүргізуге наряд-рұқсаттамаларды тіркеу журналы.
- 4-нысан. Наряд-рұқсаттамасыз орындалатын газ қауіпті жұмыстарды есепке алу журналы.
- 5-нысан. Тұрғын үйлердің пайдалануға қабылданған газ жабдығын есепке алу журналы (табиғи газдағы)
- 6-нысан. Халыққа өндірістік емес сипаттағы тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының пайдалануға қабылданған газ жабдығын есепке алу журналы.
- 7-нысан. Халыққа өндірістік сипаттағы тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының пайдалануға қабылданған газ жабдығын есепке алу журналы.
- 8-нысан. Газ талдағыштарды есепке алу және тексеру журналы.
- 9-нысан. Тұрғын үйлердің газ жабдығына газды алғашқы рет жіберуге акт-наряд.
- 10-нысан. Үйішілік газ жабдығы мен газ құбырларының жарамсыздығы туралы өтініштерді тіркеу журналы.
- 11-нысан. Газ жабдығының жарамсыздығы туралы өтінімдер.
- 12-нысан. Апаттық өтінімдерді тіркеу журналы.
- 13-нысан. Газ жабдығын ажыратуға акт-наряд.
- 14-нысан. Апаттық өтінімдердің саны мен сипаты туралы анықтама.
- 15-нысан. Апаттық емес өтінімдердің саны мен сипаты туралы анықтама.
- 16-нысан. Апат (жазатайым оқиға) туралы техникалық акт.
- 17-нысан. Апаттар мен жазатайым оқиғаларды тіркеу журналы.
- 18-нысан. Кезекшілікті қабылдау және тапсыру журналы.
- 19-нысан. Газ аспаптары мен пештерінен түтіндіктерге актілерді тіркеу журналы.
- 20-нысан. Салынып жатқан объектінің келістірілуін тіркеу журналы.
- 21-нысан. Газ құбырларының трассаларын техникалық қарау жүргізу журналы.
- 22-нысан. ГРП, ГРҚ техникалық қарау жүргізу журналы.
- 23-нысан. Газ желілеріндегі қысымды өлшеу журналы.
- 24-нысан. Рұқсаттама-нарядсыз орындалатын газ қауіпті жұмыстарды есепке алу журналы.
- 25-нысан. Пайдалануға қабылданған сыртқы газ құбырларын есепке алу журналы.
- 26-нысан. Орын алған тұрмыста газды пайдалануға байланысты апатты, жазатайым оқиғаны техникалық тергеу актісі.
- 27-нысан. Газды тұрмыста пайдалануға байланысты оқиғаларды, апаттарды және жазатайым оқиғаларды тергеу және есепке алу жөніндегі нұсқаулық.
- 28-нысан. Жеке қорғану құралдарын тексеру және сынау журналы.
- 29-нысан. Газ шаруашылығында газ қауіпті жұмыстарды жүргізуге рұқсаттама-наряд.

Газ шаруашылығы кәсіпорнының атауы _____

Сақталу мерзімі:
үнемі

НҰСҚАУ БЕРУДІҢ ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ

1. Фамилиясы, аты, әкесінің аты _____
2. Туған жылы _____
3. Кәсібі, маманы _____
4. Цех _____
5. Бөлім _____
6. Емтихан тапсыру уақыты _____
7. Кіріспе нұсқау беруді жүргізген _____
фамилиясы, аты-жөні

нұсқау беруді жүргізген адамның лауазымы

нұсқау беру күні

нұсқау беруді жүргізген адамның қолы

Айы, жылы күні

нұсқау алған адамның қолы

7. Жұмыс орнында алғашқы нұсқау беруді өткізу туралы белгі

Нұсқау беру уақыты	Нұсқау беруші адамның аты-жөні, лауазымы			Алғашқы нұсқау берудің себебі	Нұсқау беру картаның нөмірі, оның атауы	Аты-жөні, лауазымы	қолтаңбасы	
							Нұсқау берушінің	Нұсқау берілген адамның

ЖҰМЫС ОРНЫНДА НҰҚАУ БЕРУДІ ТІРКЕУ ЖУРНАЛЫ

Цех, учаске, қызмет атауы

Басталды _____ 201_ ж.

Аяқталды _____ 201_ ж.

Журналдың келесі беті

күні	Нұсқау берілген адамның аты-жөні	Туған жылы	Нұсқау берілген адамның кәсібі, лауазымы	Нұсқау беру түрі (жұмыс орнында алғашқы рет, қайталама, жоспардан тыс)	Жоспардан тыс нұсқау беруді жүргізу себебі
1	2	3	4	5	6

Нұсқау беретін адамның аты-жөні	қолтаңбасы		Жұмыс орнындағы тағылымдама		
	Нұсқау беретін	Нұсқау берілген	Ауысым саны	Тағылымдама дан өткен (жұмысшының қолы)	Білімдерді тексерді, жұмысқа рұқсат берді (қолы, күні)
7	8	9	10	11	12

Газ шаруашылығы кәсіпорнының атауы

Сақталу мерзімі: 5 жыл

**ГАЗҚАУІПТІ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУГЕ НАРЯД-РҰҚСАТТАМАЛАРДЫ ТІРКЕУ
ЖУРНАЛЫ**

Басталды _____ 201_ ж.

Аяқталды _____ 201_ ж.

Наряд-тар №	Айы, жылы, күні	Наряд алған адамның аты-жөні	Лауазымы	Жұмыс орнының мекенжайы	Бригада құрамы (аты-жөні)	Орындалатын жұмыстардың түрі (сипаты)	Нарядты аты туралы қолхат және күні	Орындалған жұмыстар және нарядтың қайтып келуі туралы белгі	Нарядтың қайтып келу күні және қолы	Қайтарылған нарядты алу туралы қолхат

Газ шаруашылығы кәсіпорнының атауы

Сақталу мерзімі:
үнемі**НАРЯД-РҰҚСАТТАМАСЫЗ ОРЫНДАЛАТЫН ГАЗ ҚАУІПТІ ЖҰМЫСТАРДЫ
ЕСЕПКЕ АЛУ ЖУРНАЛЫ**

№ п п	Айы, жыл ы, күні	Жұмыс басшысын ың аты- жөні	Лауазы мы	Жұмыс орнының мекенжа йы	Брига да құрам ы (аты- жөні)	Орындалат ын жұмыстард ың түрлері	Тапсырма ны алу туралы қолхат	Тапсырма ны орындау туралы белгі

Газ шаруашылығы кәсіпорнының атауы

Сақталу мерзімі:
үнемі**ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ПАЙДАЛАНУҒА ҚАБЫЛДАНҒАН ГАЗ ЖАБДЫҒЫН ЕСЕПКЕ
АЛУ ЖУРНАЛЫ (ТАБИҒИ ГАЗДАҒЫ)**

Басталды _____ 201_ ж.

Аяқталды _____ 201_ ж.

№ п. п.	Қабыл дау күні	мекенжа йы	Ү й №	Пәтер лер саны	Газд ы жібе ру күні	Тұрмыстық пештер, дана. (түрі, маркасы, ГОСТ, ТУ)			Ағынды су жылытқышта ры, дана (маркасы, түрі)		
						2- конфорк алы	3- конфорк алы	4- конфорк алы			

5-нысанның жалғасы

Жылытқыш аппараттары мен аспаптары, дана (түрі, маркасы, ГОСТ, ТУ)				Басқа аспаптар, дана (түрі, маркасы, ГОСТ, ТУ)			
Шағын қазандықтар	Пеш жанғыштары	тоңазытқыш					

Газ шаруашылығы кәсіпорнының атауы

Сақталу мерзімі:
үнемі**ХАЛЫҚҚА ӨНДІРІСТІК ЕМЕС СИПАТТАҒЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ
КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ПАЙДАЛАНУҒА ҚАБЫЛДАНҒАН ГАЗ ЖАБДЫҒЫН
ЕСЕПКЕ АЛУ ЖУРНАЛЫ**

Басталды _____ 201_ ж.

Аяқталды _____ 201_ ж.

№ п. п.	мекенжа йы	Ұйымд ар	Газд ы жібе ру күні	Газ шығысы н есептеу аспаптар ы, дана. (түрі, маркасы , ГОСТ)	Тұрмыстық пештер, дана.			Мейрамхана лық пештер, дана (түрі, маркасы, ГОСТ)	
					2- конфорка лы	3- конфорка лы	4- конфорка лы		

6-нысанның жалғасы

Тамақ пісіретін қазандар, дана (түрі, маркасы, ГОСТ), сыйымдылығы, л		Басқа аспаптар, дана.		Қазандар, дана			
		Су қайнатқыш	жанғыш	Автоматикасы бар		Автоматикасы жоқ	
				Төмен қысым	Орта қысым	Төмен қысым	Орта қысым
				Жанғыш түрі	Жанғыш түрі	Жанғыш түрі	Жанғыш түрі

Газ шаруашылығы кәсіпорнының атауы

Сақталу мерзімі:
үнемі**ХАЛЫҚҚА ӨНДІРІСТІК СИПАТТАҒЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ
КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ПАЙДАЛАНУҒА ҚАБЫЛДАНҒАН ГАЗ ЖАБДЫҒЫН
ЕСЕПКЕ АЛУ ЖУРНАЛЫ**

Басталды _____ 201_ ж.

Аяқталды _____ 201_ ж.

№ п. п.	мекенжа йы	Кәсіпор ын атауы	Газд ы жібе ру күні	Газ шығысы н есептеу аспапта ры, дана (түрі, маркасы , ГОСТ)	Өндірістік агрегаттар (жанғыштар дың саны мен түрі, автоматикан ың болуы мен түрі)	Қазандар (саны, түрі; жанғыштар саны мен түрлері, автоматика ның болуы және түрі)	Инфрақыз ыл сәулелену жанғышта ры, дана (түрі, ГОСТ)	Басқа жабды қ, дана (түрі, маркас ы)

Газ шаруашылығы кәсіпорнының атауы

ГАЗ ТАЛДАҒЫШТАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ ЖУРНАЛЫ

Айы, жылы, күні	Газ талдағыш түрі мен нөмірі	Тексеру нәтижелері	Орындаушының қолы

Газ шаруашылығы кәсіпорнының атауы _____

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ГАЗ ЖАБДЫҒЫНА ГАЗДЫ АЛҒАШҚЫ РЕТ ЖЕБІРУГЕ АКТ-НАРЯД

«__» _____ 201_ ж.

Қызмет көрсетілетін объектілердің пошталық мекенжайы _____

Жұмыстардың басталу уақыты мен күні _____

Жұмыстардың аяқталу уақыты мен күні _____

Жұмыстардың жауапты басшысына _____
аты-жөні, лауазымы

бригаданың құрамында: 1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

аты-жөні.

«Тұрғын үйлердің, қоғамдық ғимараттардың және халыққа өндірістік емес сипаттағы тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының газ жабдығына техникалық қызмет көрсету туралы ережемен» орнатылған көлемде газ жабдығына мерзімді техникалық қызмет көрсетуді жүргізу тапсырылады.

Жұмыстар № _____ нұсқаулыққа сәйкес жүргізілсін.

Қауіпсіздік шаралары туралы нұсқауларды алды:

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

аты-жөні, қолы

Наряд берген _____

Қолы, аты-жөні, лауазымы, берген күні

Наряд алған _____

Қолы, аты-жөні, лауазымы, берген күні

Наряд ұзартылды «__» _____ «__» _____ 201_ ж.

Айы, жылы, күні

айы, жылы, күні

Себебі бойынша _____

бригада құрамындағы өзгерістер:

1. _____

2. _____

3. _____

қолы, лауазымы, аты-жөні.

Қызмет көрсету «Тұрғын үйлердің, қоғамдық ғимараттардың және халыққа өндірістік емес сипаттағы тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының газ жабдығына техникалық қызмет көрсету туралы ережемен» орнатылған көлемде жүргізілді.

Қызмет көрсетілген пәтерлердің (ғимараттардың) саны _____, олардың ішінде орнатылған плиталар саны _____, ағынды су жылытқыштардың _____, сыйымдылық су жылытқыштардың _____, жылыту пештері үшін газ жағу құрылғыларының саны _____.

аспаптар мен аппараттардың үлгісін көрсету

Газ құбырлары мен газ жабдығының саңылаусыздығын тексеру 5 минут бойы 500 даПа (500 мм вод. ст.) газдың (ауаның) қысымымен жүргізілді. Бақылаушы нығыздаудың нәтижелері _____

Жұмыстар басшысының қорытындысы _____

Жұмыстарды жүргізу үшін жауапты _____

аты-жөні, қолы

Слесарьлар: 1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

Оларда орнатылған аппаратура көрсетіліп қызмет көрсетілген объектілердің ведомосі коса беріледі.

Газ шаруашылығы кәсіпорнының атауы _____

Сақталу мерзімі:
5 жыл

ҮЙ ІШЛІК ГАЗ ЖАБДЫҒЫ МЕН ГАЗ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ ТУРАЛЫ ӨТІНІШТЕРДІ ТІРКЕУ ЖУРНАЛЫ

Том № _____

№ _____ № _____

Басталды _____

Аяқталды _____

Парақтардың саны _____

өтінім №	өтінім келіп түсті		өтінім беруші нің аты- жөні, телефо н нөмірі	өтінім беруші нің мекенж айы	өтінім мазмұ ны	өтінімді орындауш ының аты- жөні	өтінім орындалд ы		өтінім бойынш а орында лған жұмыс	өтінім орындауш ының қолы
	кү ні	уақы ты					кү ні	уақы ты		

Газ шаруашылығы кәсіпорнының атауы

Сақталу мерзімі:
5 жыл

(қызмет атауы)

ГАЗ ЖАБДЫҒЫНЫҢ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ ТУРАЛЫ ӨТІНІМДЕР

Өтінім қабылданды

Мекенжайы бойынша: қ. (пос.)

«__» _____ 201_ ж.

көш. (пер.) _____

_____ сағ _____ мин

үй № _____ пәтер № _____ қабат

Өтінімді қабылдаған адамның аты-жөні

_____ телефон _____

Газ шаруашылығының өкілі жіберілді

Өтінім берушінің аты-жөні

_____ аты-жөні

Өтінім мазмұны _____

«__» _____ 201_ ж.

Айқындалған ақаулықтар және
орындалған жұмыстардың мазмұны

_____ сағ _____ мин

Жұмыстарды орындаушы _____

Жұмыс орындалды

ҚОЛЫ

«__» _____ 201_ ж.

Өтінім
беруші _____

_____ сағ _____ мин

ҚОЛЫ

ескерту: _____

Өтінім тексерілді және тіркелді

_____ Жауапты кезекшінің қолы

12-нысан

Газ шаруашылығы кәсіпорнының атауы

Сақталу мерзімі:
3 жыл

АПАТТЫҚ ӨТІНІМДЕРДІ ТІРКЕУ ЖУРНАЛЫ

Том № _____

Басталды _____

Аяқталды _____

Парақтардың саны _____

№ пп.	Өтінімнің келіп түскен күні		Өтінім берушінің аты-жөні мен мекенжайы, телефон нөмірі	Өтіні м мазм ұны	Өтінімді жауапты орындаушы					
	Айы, күні	Сағат ы, мину ты			Аты - жөні	Өтінім ді алу уақыты	Өтінім ді алу туралы қол қою	Шығу уақыты	Кел у уақ ыты	Өтінімді орындау уақыты және күні

12-нысанның жалғасы

Ақаулы қтар сипаты	Орындауш ының атқару туралы қолы	Газ шаруашылығы ы кәсіпорындар ының басқа қызметтеріне берілген өтінімдер	Алу тура лы қолх ат	Өтіні мді орын дау уақыт ы мен күні	Жауапт ы кезекші нің өтінімд і жабу туралы қолы	Беру күні мен уақы ты	Қызм ет атау ы	Өтінімд і қабылда ған адамны ң фамили ясы

Ескерту. Нөмірлеу ағымдағы томның басынан бастап жүргізілсін.

Газ шаруашылығы кәсіпорнының атауы _____

ГАЗ ЖАБДЫҒЫН АЖЫРАТУҒА № _____ АКТ-НАРЯД

«__» _____ 201_ ж.

Газ шаруашылығының өкіліне _____
аты-жөні, лауазымы

_____ байланысты
себебін көрсету

_____ ажырату тапсырылады.
аспаптардың атауы

пәтер № _____ үй _____ көше бойынша _____

абонент _____
аты-жөні

Наряд берген _____
аты-жөні, лауазымы, қолы

Наряд алған _____
аты-жөні, лауазымы, қолы

Мен _____
аты-жөні, лауазымы, қолы

«__» _____ 201_ ж. _____ сағ _____ мин тұрғын үй пайдалану ұйымы
өкілінің қатысуымен

_____ лауазымы, аты-жөні, қолы

газ аспаптарын ажыратуды жүзеге асырдым. _____

Аспаптың атауын, санын, ажырату әдісін көрсету.

Пәтер № _____ үй _____ көше бойынша _____

Қол қою: газ шаруашылығының өкілі _____

Тұрғын үй пайдалану ұйымының өкілі _____

Жауапты пәтерді жалға алушы (тұрғыны) _____

Газ «__» _____ 201_ ж газ шаруашылығы өкілі _____
аты-жөні, лауазымы

нұсқауы бойынша _____ қосылды.
аты-жөні, лауазымы

Қол қою: Газ шаруашылығының өкілі _____

Жауапты тұрғын _____

Ескерту. Акт-наряд екі дана етіп жасалады, олардың біреуі абонент қолына беріледі, екіншісі газ шаруашылығының кәсіпорнында сақталады.

Газ шаруашылығы кәсіпорнының атауы

